



«Бәрі бар, балық та бар..»

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Қостанайда 1-қазан күні ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Маусымның алғашқы жәрмеңкесі қаланың үш бөлігінде ұйымдастырылған: Арыстанбеков көшесінің бойында, Жастар Бульварында және Сити-Орталықта шағын сауда алаңдары құрылды. Табиғи тауарлар алыс-жақын 13 ауданнан әкелінген. Барлығы да ветеринарлық анықтама қағаздарымен келіп, сатылымға рұқсат алды. Сондай-ақ, әр сауда-саттық алаңында көшпелі-зертхана көлігі де бар. Тұтынушылар кез келген өнімді тексерістен өткізіп, тазалығына көз жеткізе алады.

— Ветеринария басқармасының дәрігерлерінің бәрі осында. Таңғы сағат 07.00-ден бастап тауарларды

түгел тексерістен өткізді. Рұқсат қағазы жоқ саудагерлер мұнда кіре алмайды. Бәрі қатаң бақылауда. Өзірше қаншаға жуық сатылғаны белгісіз, бірақ көріп тұрғаныңыздай, сауда өте қызу жүруде. Тұрғындар жәрмеңкені сағынғаны көрініп тұр, — дейді Ветеринария басқармасының тамақ қауіпсіздігі бөлімінің басшысы Бауыржан Бекетов.

Әдеттегідей жұмыртқа мен қантқа, етке және көкөністерге деген сұраныс көп. Ұзын-сонар кезек тізіліп, жұртшылық асыға алып жатты.

— Ағымдағы жыл басынан бері барлық жәрмеңкеде жалпы құны 1 млрд. 200 млн. теңгені құрайтын 1000 тоннаға жуық азық-түлік сатылды. Бұл жолы да солай болғалы тұр. Жұмыртқаға деген сұраныс көп. Орталықтағы жәрмеңкенің өзінде жұмыртқа сататын 6 сауда орны бар. 30 тоннаға жуық ет әкелінді. Өткен жылы

картоптың бағасы 60 теңге болса, биыл 40 теңгеден сатып жатырмыз. Биыл жиым-терім жұмыстары өте берекелі болды. Қанттың құны да 215 теңгеге арзандап отыр, — дейді Қостанай облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Байбосын Мурзин.

Сатушылардың айтуынша, ет өте аз. Ауылдық жерлерде де мал өнімі тапшы. Сондықтан, жұрт жәрмеңкеге ағылады. Еттің бағасы еш өзгеріссіз, өткен жылғы құны сақтаулы. Тек жылқы еті 100 теңгеге қымбаттап отыр.

Алғашқы жәрмеңкеден-ақ қостанайлықтар азық-түлікті барынша сатып алды. Себебі, қазір қысқа қамданып, азықты молайтатын шақ. Келесі жәрмеңке енді екі аптадан кейін өтеді.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

Баспасөз – 2017

«Қостанай таңы» — сенің газетің

оған 2017 жылға жазылу басталды

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. «Қостанай таңы» газетіне:

- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
- 1 жылға – 6000 теңге
- 6 айға – 3000 теңге.

— жеке оқырмандарға жазылу бағасы:

- 1 жылға – 4500 теңге
- 6 айға – 2250 теңге.
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
- 1 жылға – 4200 теңге

6 айға – 2100 теңге.

«Қостанай таңы» газетіне «Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыз.



Депутаттыққа 15 кандидат тіркелді

Қостанай облысында шығып кеткендердің орнына мәслихатқа депутаттар сайлау облыстық сайлау комиссиясының қаулысымен 2016 жылдың 30 қазанына белгіленді және ол 5 округте, атап айтқанда Денисов ауданы №4 Тельман сайлау округінде, Қостанай ауданы №3 Школьный, Сарыкөл ауданы №5 Маяк, Таран ауданы №5 Май және Арқалық қаласы №2 Аманкелді сайлау округтерінде өтеді.

Жергілікті атқарушы органдар сайлау комиссияларының сайлауға әзірлік және сайлауды өткізу жұмыстарын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасады. Аумақтық және округтік сайлау комиссиялары сайлау жарияланған сәттен бастап жұмыс істейді. Комиссия мүшелерінің кезекшілігі ұйымдастырылған. Учаскелік комиссиялар жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімін учаскелерге бергеннен кейін, 10 қазаннан бастап жұмыс істейді.

28 тамыз-28 қыркүйек аралығында жоспарға сәйкес депутаттыққа кандидаттарды ұсыну жүргізілді. 5 кандидатты "НұрОтан" партиясының аудандардағы және қаладағы филиалдары ұсыныса, 10-ы өзін-өзі ұсынды. Кандидаттар 26-29 қыркүйекте түгелдей тіркелді. Кандидаттардың ең жасы 25-те, ал үлкені 49-да. 5-29 қазан аралығында депутаттыққа кандидаттар үгіт жұмысымен айналысады. Олар сайлаушылармен кездесіп, өздерінің сайлау алды бағдарламаларымен таныстырып, үгіт материалдарын таратады.

Сот ардагерлері ардақталды

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев пен ҚР Судьялар Одағы облыстық филиалының төрағасы Бақытқазы Ордабаев сот жүйесінің ардагерлерін Қарттар күні мерекесімен құттықтады.

"Арлан - 2050" спорттық көңіл көтеру кешенінде құрметті демалысқа шыққан судьяларға арнайы мерекелік дастарқан жайылып, таза ауада, табиғат аясында серуен жасау ұйымдастырылды.

Сот төрағасы ардагерлерді мерекелерімен құттықтап, оларға зор денсаулық, отбастарына амандық, береке-бірлік тіледі.

● ТЕРРОРИЗМ – КЕСАПАТ

Қаруға қырағы бол

Облыс әкімі А.Мұхамбетов арнайы құқық қорғау және жергілікті атқарушы орган басшыларының қатысуымен терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Отырыста денсаулық сақтау ұйымдарының террористік қауіптерге ден қоюға дайындығы және жастарды дәстүрлі емес діни ағымдары идеологиясының жат пиғылды ықпалынан сақтау мәселелері талқыланды.

Денсаулық сақтау басқармасы тарапынан кадрлық қамтамасыз ету және ықтимал терроризмге қарсы операцияларға қатыстырылатын күштер мен құралдардың материалдық-техникалық жарақтан-дырылуы жөнінен қолданылып жатқан шаралар жан-жақты баяндалды.

Сондай-ақ, толеранттық түсінікті қалыптастыруға және патриоттық сезімге тәрбиелеуге, бұрмаланған діни көзқарастардың қалыптасуынан сақтандыруға бағытталған жастар саясатын іске асыру жөніндегі шаралар қаралды.

Мұның сыртында, Қостанай және Рудный қалаларындағы азаматтық және қызметтік қару саудасы жөнінен мамандандырылған дүкендерінің нормативтік талаптарға сәйкес келу мәселелері қозғалды.

Бұл ретте отырыс барысында облыстың ІІД бастығының орынбасары полиция полковнигі А.Тарасенко қару дүкендерінің иелерін қару айналымына қойылатын талаптарды қатаңдататын ҚР Заң жобасымен таныстырды.

Атап айтқанда, енгізілгелі отырған түзетулерде:

- қаруды ату үшін дайын күйінде сатуға тыйым салу;
- бір сауда залында қару, патрондар, туристік, аңшылық және балық аулау тауарларын бірге сатуға тыйым салу;
- тұрғын үйлерде, спорттық, көңіл көтеру, көлік нысандарында, білім беру, денсаулық сақтау ұйымдарында, қонақ үйлерінде, базарларда, қоғамдық тамақтандыру нысандарында, сауда-көңіл көтеру орталықтарында, сауда орталықтарында және сауда үйлерінде қару сатуға арналған орын-жайлар орналастыруға тыйым салу қарастырылған.

Сондай-ақ, сатып алынатын иір ойықты болсын, тегіс ұңғылы болсын аңшылық қару санына бестен бастап екі бірлікке дейін шектеу енгізілетін болады.

Бұл ретте облыстың ІІД мәліметтері бойынша, қазіргі уақытта облыстағы барлық қару дүкендері қажетті іс-шаралар өткізуге кіріскен. Комиссия отырысының нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарының басшыларына тиісті тапсырмалар берілді.

Қостанай облысы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның аппараты.

Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты...

Гүлназым
САҒИТОВА

"Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін" деп атақты әртіс жерлесіміз, Социалистік Еңбек Ерінің иегері Серке Қожамқұлов бекерден бекер айтпаған болар. Өйткені үлкеніміз де, кішіміз де, есімдері әлемге танымал атақтылар да, ұлылар да, батырлар да ұстаздан білім алған. Әдетте, жыл он екі айдың қазан айы келгенде, оның алғашқы күндерінде ұстаздар қауымының мерекесін тойлаймыз. Білім берген ұстаздарымызды тек төл мерекелерінде ғана емес, жылдың үш жүз алпыс бес күнінде құттықтап, өлшеусіз еңбектерін бағалай марапаттап отырсақ, артық болмас. Сондықтан да ардақты ұстаздарымызға қандай бейнелі теңеу айтсаңыз да жарасады. Мұғалімдерімізге арналған соны марапат пен құттықтаулар Қостанай қаласындағы "Мирас" мәдениет үйінде өткен салтанатта айтылды. Салтанатқа жиналған облысымыздың таңдаулы ұстаздарына облыс әкімінің орынбасары М.Жүндібаев өңір басшысының жылы лебізін, құттықтауын жеткізді. Салтанатқа келген ұстаздарымыз сондай әдемі, көркем, құшақтары гүлге толы. Алғаш рет "Мирас" мәдениет сарайының фойесінде "Даңқ аллеясы" көрмесі ұйымдастырылды, онда облысымыздың үздік педагогтарының суреттері ілінген. Республикалық білім беру мен кәсіби шеберлік байқауларында жеткен жетістіктері мен табыстары туралы ақпараттан да хабардар боласыз. Салтанат барысында білікті де білімді ұстаздар туралы бейнекөріністер көрсетілді. Сонымен бірге мұғалімдерімізді салтанатты марапаттау рәсімінде әрбір марапатталатын ұстаз жайында жылы, ізгі сөздер айтылды.



Осы салтанатта өңіріміздің он үш педагогына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ы. Алтынсарин" және "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгілері, сондай-ақ "Еңбек ардагері" белгісі табыс етілді. Ал облысымыздың отыз мұғалімі облыс әкімінің грамотасымен, ақшалай сыйлығымен марапатталды.

Облыста Мұғалім күнін тойлау тарихында алғаш рет жүз мың теңге көлеміндегі "Ұлағат" сыйлықақысы тағайындалды. Бұл сыйлыққа жиырма алты номинант лайықталды. Номинанттарға облыс әкімінің атынан мадақтау хаты мен "Ұлағат" мүсіншесі берілді.

Ұстаздарды салтанатты марапаттау рәсімінде Қостанай педагогикалық колледжінің вокалдық тобы мен "Карнавал" хореографиялық мектебінің тобы өнер көрсетті.

СУРЕТТЕ: марапаттау сәтінен көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Ұстазым, менің ұстазым...

Қостанай қаласындағы балалар шығармашылығы үйінде мұғалімдер күні мерекесіне байланысты қала мектептері ұстаздарын ұлықтауға арналған іс-шара болып өтті.

Төл мерекелерінің салтанатына жиналған ұстаздардың барлығы да салтанатты, құшақтары гүлге толы, көңілдері көтеріңкі, әсем музыка да ойнап тұрды.

Мұғалімдер күніне арналған салтанатқа жиналғандарды Қостанай қаласының әкімі Б.Жақыпов, облыстық білім басқармасы бастығының орынбасары В.Цымбалюк, қалалық білім бөлімінің жетекшісі Д.Сүйіндікова құттықтады, ұстаздарымыздың табыстарын айтты, жетістіктерін жеткізді. Мысалы, Қостанай қаласындағы №3 орта мектебінің мұғалімі Әміржан Жұмабеков, Рудный қаласының №15 орта мектебінің мұғалімі Сайран Әміржанова республикалық "Үздік педагог" конкурсында жеңімпаз атанды, қомақты ақшалай сыйлыққа ие болды.

– Еліміздің тірегі болар жаста-



рымызға сапалы білім беретін, рухани байлықтарын дамытатын, Отанының патриотты азаматы болып өсулеріне жол көрсететін шамшырағы – сіздерсіздер. Елбасымыз да білім саласына баса назар аударып отырғаны сондықтан. Мемлекет, атқарушы билік тарапынан қала мектептерінің материалдық-техникалық базасының нығаюына, балаларымыздың заман талабына сай білім алуларына барлық жағдайлар жасалу үстінде. Мектептері-

мізде білікті педагогтарымыз жұмыс істейді, олар да түрлі байқауларда табыстарымен көрінуде, – деді қала әкімі Б. Жақыпов.

Салтанатты құттықтаудан соң қала әкімі бір топ ұстаздарды марапаттады. Олардың қатарында Қостанай қаласындағы №20 орта мектебінің мұғалімі Ж.Бейсенова бар. Ол облыс әкімінің грамотасына, сыйлығына ие болды, ал, қала мектептерінің он ұстазы қала әкімінің грамотасымен, сыйлығымен марапатталды. Сол секілді салтанатты іс-шарада "Үздік тәрбиеші" байқауының жеңімпаздары да марапатталды. Жеңімпаздар иеленген орындарына байланысты бір, екі, үш еңбекақы көлеміндегі сыйлықтарға ие болды.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Ақпараттық топ құрылды

Қарлығаш
ОСПАНОВА

Өткен жылы Елбасы "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Заңға қол қойған болатын. Міне, осыған орай енді келер жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілмек. Осы мәселе бойынша өңірге келген Туберкулез мәселелері ұлттық орталығының директоры Жұмағали Ысмайлов аталған жүйенің артықшылықта-

ры туралы мәселені медицина қызметкерлері арасында талқылады.

– Облыс әкімінің өкімімен аталған жүйені халыққа кеңінен насихаттау, түсіндіру мақсатында облыста ақпараттық топ құрылды. Он бес адамнан құралған топтың арасында жұмыс берушілер мен қызметкерлер де бар. Алдағы уақытта топтың құрамына аудандардан да спикерлер қосылатын болады. Ақпараттық компания жаңа жүйені түсіндіру мақсатымен облыстың жиырма өңірінде болуды жоспарлап отыр, – дейді Ж.Ысмайлов.

● ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Күресті күшейту керек

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетовтің басшылығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде кезектен тыс жиын өтті. Барлық қала, аудан, село әкімдері, түрлі сала басшылары бас қосқан отырыс жергілікті атқарушы органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізген шаралары мен жемқорлық деңгейін біршама төмендету мәселелерін қарады. Бірінші баяндаманы облыс әкімінің орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетов жасады.

– Жыл басынан бері облыста 118 жемқорлық қылмыс тіркелген. Дегенмен, бұл былтырғы жылға қарағанда 15 пайызға кем. Тағы бір назар аударарлығы, қылмысқа барғандардың арасында бірнеше атқарушы орган өкілдері бар. Әсіресе, мәдениет саласындағы заңды бөлшеден басқандарды айтуымыз керек. Жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін дамыту мен “нәлдік төзімділікті” енгізу арқылы жемқорлықтың алдын алуға болады. Осы ретте БАҚ өте үлкен рөл атқарады, – деді Ғауез Нұрмұхамбетов.

Ортақ мүддеге айналған жемқорлыққа қарсы мәдениет құрудың амалдары, бірнеше ұсыныстарды ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро төрағасының орынбасары Алик Шпекбаев жіпке тізді.

– Жемқорлық әрекеттермен күреске бағытталған Президенттің бекіткен бағдарламасы бар. Оның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа белсене қарсы тұру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру. Бағдарламада биліктің барлық тармақтары мен азаматтық қоғам институттарының әлеуметтік жұмыстарына баса мән берілген. Жалпы айтқанда, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алудағы кешенді амал-тәсілдерге кадрлық саясат, қызметкерлердің әдептілігін жоғарылату, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сияқты түйіндер кіреді. Осылайша мемлекеттік аппарат, халық және бизнестің өзара байланысқан салаларында сыбайлас жемқорлық көріністерін азайтуға бағытталған



шаралар да жүзеге асырылуда. Аудан, ауыл әкімдерінің қатысуымен жемқорлықпен күрес жөнінде қоғамдық жиындарды жиі өткізіп тұру керек. Бұл қоғамдық дертті жоюға оң әсерін тигізеді деген ойдамыз, – деді төраға орынбасары.

Қостанай облысындағы жемқорлық фактілерінің тіркелуі – 19 пайыз. Бұл көрсеткіш бойынша біздің өңір республикада төртінші орында. Құрылыс, денсаулық сақтау және білім саласындағы жемқорлықтың үлесі жоғары. Мектептер мен жоғары оқу орындарында коррупцияға қарсы сауаттылықты арттыру пәндері енгізілді. Алик Шпекбаев жиылғандарға коррупциялық картаны көрсетті. Қазақстан 140-тан 123-орынға көтерілген. Ең төменгі көрсеткіш Канадаға тиесілі. Айта кету керек, Қытайда мемлекет қаржысын жымқырғандар өлім жазасына кесіледі.

Қостанайлық шенеуніктер жемқорлыққа байланысты бірнеше бейнежазбаларды көрді. Оның ішінде бұрынғы мемлекеттік қызметкерлер Мақсұт Қалиев пен Фрунзик Аракелян да бар. Олар қателікке өкініп, бостандықтың, туған-туыстармен қарым-қатынастың қымбат екенін экран арқылы жеткізді.

Жиынды қорытындылаған Архимед Мұхамбетов сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын одан сайын күшейтуді тапсырды.

Суретті түсірген Бағдат Ахметбеков.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Азат – азамат!

Азат Бермұхамедов өзінің әскери қызметінің бірінші күндерінен бастап әскери өмірдің қыры мен сырын үйренуге үлкен ынта білдіріп, Отанға деген жоғары патриоттық сезімімен қарулас достарына үлгі-өнеге бола білген азамат. “Айбын” Президенттік полкі” №0112 әскери бөлімінің командирі Т.Сәрсекеевтің айтуына қарағанда, қостанайлық сарбаз қызмет атқарып жатқан бөлімшесінің қоғамдық өміріне де белсенді қатысып, әскери бөлім командирі және рота командирінің атынан бірнеше марапаттарға қол жеткізген. Жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындық сабақтарында командирлері оқытып үйреткен білімдерін жетік меңгеріп, қызметте алған білімін дұрыс қолдана білуде. Жауынгерлік кезекшілікте әрдайым қырағылық танытып, әскери міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, қойылған тапсырмаларды бұлжытпай орындайды.

– Азаттың осындай жетістіктерге қол жеткізуінің себебі ең алдымен, отбасындағы алған өнегелі тәрбиесі, мектеп ұжымының және білім алған оқу ордасының берген сапалы тәлім-тәрбиесінің нәтижесі, сондай-ақ жергілікті Қорғаныс істері жөніндегі департамент қызметкерлерінің іріктеу



жұмысын ыждаһаттылықпен жүргізуінде. Сіздерге осындай сарбазды өсіріп, тәрбиелеп, Отан қорғаушылардың қатарына жібергендеріңізге алғыс білдіреміз, – деп, әскери бөлім командирі ақжарма тілегін білдірді.

Қостанайлық сарбаздың жетістіктерін тізбектеген Т.Сәрсекеев келешекте оның Отан алдындағы борышын өтеуге шақырылатын жастарға үлгі болып, әскери-патриоттық тәрбие беруде өз орнын алатынына сенім білдірді.

Ж.КӘКІМЖАНОВ.

Қарттарға құрмет – ұрпаққа міндет

“Халықаралық қарттар күні” аудандық мәдениет үйінде “Қарты бар ел – қазыналы ел” атты салтанатты іс-шара өтті.

Аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин аудан қарттарын мерекелерімен құттықтап, жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келе жатқан қарттарға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі. Сонымен қатар 80 жасқа толған мерейтой иелері Рақым Жоламанов пен Қаудір Қыстаубайұлының иығына шапан жапты.

Торғай ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Жылқыбай Бөкіров және аудан жастарының атынан сөз алған мұражайдың ғылыми қызметкері Альбина Әубәкірова жүрек-жарды тілектерін арнады.

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінің әншілері мереке сәнін әнмен қыздырды.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.



Сала мамандарына құрмет көрсетілді

**Жандос
ЖҮСІПБЕК**

Өткен жұмада Әділет органдары қызметкерлері күні аталып өтті. Кәсіби мерекелері қарсаңында сала мамандарына Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияда құрмет көрсетілді.

Қостанай облысының Әділет департаменті 1970 жылы құрылды. Сол уақыттан бері бұл сала өңірдің дамуына, құқықтық әлеуеттің нығаюына елеулі үлесін қосты. Құқықтық мемлекеттің еңселенуі жолында еңбек етіп жүрген қызметкерлерге жыл сайынғы үрдіс бойынша құрмет көрсетілді.

– Құрметті Әділет органдарының қызметкерлері, сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Бұл сала қай кезде де заңның үстемдігін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге қызмет етіп келеді. Еліміз егемендік алған жылдары бұл сала құқықтық мемлекеттің қалыптасуына зор ықпалын тигізді. Биыл біз “100 нақты қадам” Ұлт жоспарын жүзеге асыруға тырыстық. Осыған байланысты Елбасы бастамасымен 80-ге жуық жаңа заң қабылданды. Ендігі жерде сол заңдар мүлтіксіз орындалып, ел игілігіне қызмет етуі барлық мемлекеттік орган-



дарға, соның ішінде құқық қорғау органдарына байланысты болмақ. Бүгінгі мереке күні Әділет органдарының ардагерлеріне саланы қалыптастыруға ерекше үлес қосқандары үшін шынайы алғысымды білдіргім келеді. Сіздердің атқарған қызметтеріңізді бүгінгі буын жалғастырып, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына атсалысады деген сенімдемін, – деп, облыс әкімі Архимед Мұхамбетов өзінің жылы лебізін білдірді.

Одан соң өңір басшысы осы саланың ардагерлеріне, елеулі еңбек етіп, ерекше көзге түскен қызметкерлерге облыс әкімінің құрмет грамоталарын табыс етті.

Әділет органдары жүйесіне қосқан қомақты үлесі үшін облыс прокуроры М.Қайбжановқа,

облыстық сот төрағасы А.Мерғалиевке, облыстық ІІД басшысы Б.Аймағамбетовке және ардагерлер мен озат қызметкерлерге медальдар тағылды.

Департамент пен халық арасына дәнекер болып, тығыз қатынас орнатқаны үшін “Қазақстан-Қостанай” және “Алау” телеарналарының тілшілері де марапатталды.

Мереке иелері мен көрермендер назарына І.Омаров атындағы қазақ драма театрының өртістері сахналандырылған қойылым көрсетті. Сондай-ақ, басты экраннан Әділет органының тарихы мен бүгінгі туралы деректі фильм назарға ұсынылды. Салтанатты шара жергілікті өнерпаздардың концерттік бағдарламасымен жалғасты.

● EXPO-2017

Көрмеде көрсетеріміз көп



"Бұл бәсекеде Астананың жеңісі кездейсоқ болған жоқ. Біріншіден, онымен біздің Астанамыз дүниежүзілік мәні бар шараны қабылдай алатын қала ретінде мойындалды. Екіншіден, бұл – Қазақстанның қарышты дамуына берілген баға. Ол шешім Қазақстанның Еуразия аймағындағы айрықша орнын айқындап отыр. Үшіншіден, біздің пайдамызға шығарылған шешімге "Болашақ энергиясы" деген тақырыптың өзектілігі де әсер етті. Ал, ең бастысы, бұл – барлық қазақстандық халықтың жеңісі, ерен еңбегінің жемісі"

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Әлем назарын Қазақстанға аудартатын ауқымды шара EXPO-2017 көрмесіне еліміздің барлық облысы барынша атсалысып, ел мерейін асқақтатқаны сөзсіз. Осы орайда, еліміздің әр өңірі түрлі жобалардың тұсауын кесіп келеді.

Барша қазақстандық осынау мерекеге куә болғысы келетіні анық. Көрмені қостанайлықтар да тағатсыздана күтіп жүр. Осыған дейін "Нұр Отан" партиясының Қостанай облысындағы филиалының "Жас Отан" жастар қанаты өңірдегі бірқатар қалалар мен аудандарды аралап, EXPO-2017 көрмесінің бастау алғаны туралы насихат жұмыстарын жүргізетіні туралы жазған едік.

Міне, отансүйгіш жастар ойға

ашылу салтанатына қатысып, өз тарапынан бағалы сыйлық тарту етті.

Сонымен қатар, дәл осындай тағы бір балабақша өз есігін айқара ашқан болатын. Көркі мен сапасы ешкімнен кем түспейтін "Балақай" балабақшасы лисаковтықтардың мақтанышына айналды. Себебі, мұндағы бар жағдай еуропалық стандарттарға сай, соңғы үлгідегі дизайнмен жасалған. "Мұндағы ойыншықтар



ған талантты жан. Бойындағы бар өнерімен бөлісуді жөн санайтын ол, осы студияны маңдай терін төге жүріп ашқан.

– Ғимарат тасада тұрғандықтан көбісі біле бермейді. Алайда, біздің студиядағы би ансамбльдерін бүкіл Қазақстан таниды. Себебі, көптеген байқауларда бақ сынап, бірталай жетістікке жетіп жүрміз. Биыл "Даму" мемлекеттік қорының қолдауымен студияға бейнебақылау орнатып, ішіне жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Сондай-ақ, түрлі би костюмдерін сатып алдық, – дейді студия жетекшісі Татьяна Сергеевна.

Қалада белең ала бастаған құрылыс нысандары жетерлік. Мысалы, биыл тұрғындардың игілігіне берілген спорт алаңқайы лисаковтықтардың көңілінен шыққан. Су жаңа жаттығу құралдары қатар тізіліп тұр. Шағын футбол алаңы да сайлы. Осының бәрі Қостанай облыстық әкімшілігі мен ERG компаниясының арасындағы меморандум аясында жүзеге асуда.

Лисаков қаласынан талай спорт саңлақтары шыққан. Сондықтан да бұл шаһарда салауатты өмір салты мен бұқаралық спорт түрлеріне баса назар аударылады. Мысалы, қаладағы жасөспірімдерге арналған спорт мектебі осы сөзімізге дәлел. Мұнда 8 бен 18 жас аралығындағы балаларды спорттың 9 түрі бойынша жаттықтырады. Бәрі де – олимпиадалық спорт түрлері. Жалпы, спорт мектебінде мыңға жуық бала бар. Алайда, бұл кешен тарлық етеді. Қалада спортқа әуес жеткіншектер жетерлік. Сондықтан алдағы уақытта тағы да спорт орталығы бой көтеруі ықтимал.

Осылайша "Жас Отан" жастар қанаты белсенділерінің Лисаков қаласына жасаған саяхаты өз мересіне жетті. Енді отансүйгіш жастар осы қаланың айшықты жерлерінің суретін бір альбомға топтастырып, EXPO-2017 көрмесіне жөнелтеді. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген қонақтар осындай жолмен еліміздің әр қаласын көре алатын болады.



алған жоспарларын жүзеге асырып, саяхаттарын Лисаков қаласынан бастап кетті.

Биыл Лисаков қаласына 45 жыл. Жарты ғасырға жуық уақыт бұрын іргесі қаланған шаһардың өзіндік ерекшеліктері мен мақтан етер тұстары жетерлік. Күні бүгінге дейін Қостанай облысының қарыштап дамуына зор үлесін қосып келе жатқан аймақтардың бірі. Лисаков – темір кенімен, түрлі сусындарымен аты шыққан қала.

Жасотандықтар ұйымдастырған пресс-турға біз де қатысып қайттық. Бүгіндері Лисаков қаласында халық саны 40 мыңнан асады. Бір байқағанымыз, шағын шаһарда қарапайым инфрақұрылымнан бастап, абаттандыру, көріктендіру, жаңа нысандар салу, демалыс орындары мен саябақтарды жөндеу, жол-көлік қатынастарын ретке келтіру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Мәселен, лисаковтық балақайларға арналған "Нұрлы Жол" балабақшасы қала көркін кіргізіп тұр. Су жаңа нысан "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасы аясында салынған еді. Жуырда ғана облыс әкімі

да баланың өсіп-жетілуіне септігін тигізеді. Ресей мамандарының оқыту әдіс-тәсілдері қолданылады" дейді балабақша меңгерушісі Любовь Захарова.

Любовь Захарова өмір бойы бала тәрбиесіне көңіл бөліп келеді. Жастайынан мектепке дейінгі даярлау сыныптарымен жұмыс істеген. Қазір құрмет демалысына шықса да, сүйікті ісін әлі де жалғастыруда. Хан сарайынан кем түспейтін бұл ғимаратты ұлы екеуі бірігіп салған. Кейін үкіметтен қолдау көріп, кәсібі өрге домалай түседі. Заман талабына сай тұрғызылған ғимараттың іші-сырты көз тартады. 200 орындық балабақша бүлдіршіндерді ерте жастан-ақ қабылдай береді. Балаларды қабылдау жұмыстары әлі де жүріп жатыр. Зейнеттегі қарт ұстаздың мұндай батыл қадамына қала тұрғындарының барлығы дән риза.

"Жас Отан" жастар қанатының келесі табан тіреген жері – "Вдохновение" би студиясы. Сырт кейпі жұпыны ғана бұл ғимараттың ішінде жүзге жуық жеткіншек бимен шұғылданады. Татьяна Абдекаримова – талай халықаралық би сайыстарында топ жар-

● "ҚАЗАҚСТАН-2050": БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

СЕНІМДІ БОЛАШАҚҚА – дамыған жеке кәсіпкерлікпен

Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

Елбасы жыл сайынғы Жолдауында бизнесті қолдау керектігін айтады. Президент бір сөзінде "...Еңбек етуші халықтың 60%-ы шағын және орта бизнесте жұмыс істеген кезде Қазақстан тұрақтылыққа қол жеткізетін болады" деген еді. "Қазақстан-2050" стратегиясында кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші күші ретінде жан-жақты қолдау әрі шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесін 2030 жылға қарай екі есеге арттыру міндеті қойылды. Ал, Елбасының биылғы Жолдауында бизнесті дамытуға кедергі келтіретін барлық енжар құқықтық нормалардың күшін жою және шағын бизнес ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне айналуға тиіс екендігі айтылды.

Елбасы өзінің жыл сайынғы Жолдауларында бизнеске ерекше назар аударып келеді. Бұл шағын және орта бизнестің дамуына барынша қолдау жасау керектігін және осы бағытта атқарылатын жұмыстардың өзектілігін көрсетеді. Демек, жалпы кәсіпкерлік саласын дамыту бойынша тиісті шаралар қабылданыны және тың бастамаларды ынталандырудың жаңа жүйесі жасалып, отандық кәсіпкерлерді

қолдаудың тетіктері жетілдірілетіні анық. Нәтижесінде, шағын және орта бизнесті дамыту – ХХІ ғасырдағы Қазақстанды индустриялық және әлеуметтік жаңғыртудың басты құралы болып қалады.


Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес саласында 1 млн. адам жұмыспен қамтылған. Бұл сектор – елдің 11% артық бюджетін қалыптастырады, олардың үлесі

17%-ды құрайды, құйылған инвестиция көлемі де көбеюде.

Мемлекеттің жан-жақты қолдауымен, жеңілдетілген несиелер, сондай-ақ көпілдік беру және қайтарымсыз несиелер гранттарын берудің арқасында жеткен жетістіктер жетерлік.

Біздің аймақта мемлекеттің қолдауын алған мекемелердің қатары баршылық. Олар бүгінде кәсіптерін дамытып, жаңа белестерге ұмтылуда.

Жеміс-жидек өсіру



алқапта, жер телімдерінде өсіреді. Өнімді 2 жекеменшік дүкенінде, сондай-ақ "Складская" және "Беркут" базарларының жалға алған көтерме-бөлшектеп сату орындарында сатады.

– Ауыл шаруашылық саласы еңбек еткен жанға қолайлы. Пайдасы да көп. Бірақ, тәуекел етуге тура келетін тұстары көп. Жасыратыны жоқ, өткен жылы картоп сатуда он миллиондаған қаржы жоғалттық. Себебі, Қазақстанға көршілес елдер келіп, бау-бақша егіп, жерден жақсы өнім алып, жергілікті сату орындарын өнімдерімен толтырып тастады. Бұл біздің кәсібімізге кедергілер келтірді: – Мемлекеттік қолдауға жүгінуге тура келді. Несие алу керек болды. 50 млн. теңге сомасындағы айналым қаражатын толтыру керек еді, – дейді мекеме басшысы Виктор Симаненко.

Несие өнімді уақытылы жинауға, жұмыскерлердің айлығын уақытылы төлеуге, ауылшаруашылық техникасына бөлшектер сатып алуға және дағдарыс кезеңінде жаңа 25 жұмыс орнын ашуға көмектесті. Несие жеңілдетілген пайызбен берілді, көпілдің жетпеген бір бөлігі 12 000 000 теңгені "Даму" қоры көпілдендірді. Ең бастысы, қарыз қаражаты доллармен емес, қанша алсаң, сонша қайтара-сың. Бұл кәсіпкер үшін тиімді ұсыныс әрі тығырықтан шығудың бірден-бір жолы. Мемлекет ұсынған қолдау қиындықты жеңуге көмек болды, – дейді Виктор Симаненко.



Ет өңдеу

Қостанайлық "Мирафуд" компаниясы "Етті қайта өңдеу және консервілеу" жобасы аясында еңбек етеді. Осы салада ет өңдейтін цех-дүкенін ашып, қолға алған істерін жандандырып келеді.

Цехтың форматы да, жұмыс істеуі де өзгеше. Олар тұтынушының сеніміне кіріп, ешқандай күдік тудырмауы үшін ерекше тәсілге көшкен. Тұтынушының қалауы бойынша егер оның бос уақыты болса, тұшпараны істеп, етті де ұсақтап береді. Осының бәрін өз көзіңізбен көріп, бақылай аласыз. Сол себепті болар осы жерден ет өнімдерін сатып алушылардың қарасы көп. Компанияда 12 қызметкер әзірге жұмыс көлемін орындап жатыр, бірақ келешекте жұмысшылардың санын көбейту жоспарда бар. Себебі, тағы да бір көршілес дүкен-цехын ашу көзделген.

Жобаның барлық құны мемлекеттік бағдарлама аясында 11 000 000 теңгені құрады, оның ішінде 8 500 000 теңге етті қайта өңдеу мен консервілеуге қажетті жабдықты сатып алуға, тағы 2 500 000 теңге шикізатты сатып алуға жұмсалған. Бұл аз қаражат емес. Сондықтан аянбай еңбек етуге тура келеді.

Компания директоры Мигран Мелконян мемлекет қолдауының көп көмегі тигенін айтады.

– Жылдық 14 пайыздан мекеме банкке 7 пайызын ғана өтейді, ал қалған пайызын "Даму"



кәсіпкерлікті дамыту қоры өзі өтейді. Оған қоса кәсіпкердің өз көпілі жетпегендіктен, қор өзінің 7 700 000 теңге көлеміндегі көпілін берді. Қазіргі таңда тауар көлемі ұлғаюда, шикізатты Қазақстанның барлық аймағында сатып алады. Біздің өнім сатып алушылардың көңілінен шығуда. Бизнесіміз ең бастысы – сапа. Сатып алушылардың көбісі жергілікті өнімді, жартылай фабрикаттарды алу үшін алыстан келеді, – дейді компания директоры.

Алдағы уақытта компания жаңа дүкен-цех құрылысын бастауда да мемлекеттік бағдарламаның көмегіне жүгінбек.

Шикізат шығару

"Стеклоцентр-2008" ЖШС өз ісін шағын ғана өндірістен бастаған болатын. Он бір жыл ішінде Астана, Көкшетау және Петропавл қалаларында филиалдары бар үлкен мекемеге айналды. Бүгінде компания табақ шыныларды өңдеумен ғана емес, сонымен қатар 60 мың шаршы метр шыныпакеттерін де өндіреді. Дайын өнім көтерме ауқымда Қазақстан аумағында таратылады. Серіктестіктің шынылары "ЭКСПО-2017" халықаралық

көрмесін салуда да пайдаланылады.

"Стеклоцентр" компаниясы 2011 жылдан бері мемлекеттік бағдарламаларға қатысып жүр. Осы уақыт ішінде 155 миллион теңге игерілген. Оның 27 миллионы айналым капиталының негізгі құралдарын толықтыруға жұмсалды. Өткен жылы мекеме өңдеу өнеркәсібі саласында

және қызмет көрсету саласындағы шағын және орта кәсіпкерлер субъектісін қолдау Бағдарламасы аясында жылдық 6%-бен 49 млн. теңге көлемінде несиелер алды. Алған қаражатқа компания сату көлемін және шығарылатын өнім сапасын кеңейту мақсатында итальяндық шыны өңдеуге арналған жаңа жабдықты сатып алған.

СУРЕТТЕРДЕ: кәсібін дамытқан кәсіпорындарда.





● ДОСТЫҚ – ҰЛЫ КҮШ

Алаштың алғашқы

Орынбордан арнайы репортаж

Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ

Бүгінгі күні шет елдерде алты миллиондай қазақ бар болса, соның бір миллионға жуығы Ресей Федерациясында тұрады. Іргетасы 1735-ші жылы бекініс ретінде қаланған көне шаһар неше ғасыр өтсе де қазақ халқының тарихында мәңгі жазылмақ. Өйткені, бұл қалада 1917 жылы мемлекеттің қалыптасу тарихында маңызды орын алған I және II жалпықазақ съезі, 1920 жылы қазан айында Қазақ АКСР-нің тұңғыш кеңесін бекіту жиыны өтті. Тарихтан аяны – 1920-1925 жылдардағы Қазақтың бас қаласы. Жақында шежіреге бай өлкеде біз де болып қайттық.



ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТҚАН

Көрші елдің шекарасына табан бастық дегенмен, Орынборға дейінгі жер-су атауларына қарасаң, өз елінде жүргендейсің. Шілде мен Қарғалы маңындағы шөп шабушылар, Айдарлы мен Қамыстыда жайылып жүрген жылқылар нағыз қазақылықтың исін аңқытады. Сондай-ақ, Жоламансай, Аят, Құмақ өзендерінің бойынан өттік.

2007 жылы Ресейде тұңғыш «Ұлттық ауыл» аумағы салыныпты. Мұнда қазақ ауылынан бөлек, башқұрт, армян, беларусь, неміс, татар, украин үй-жайлары бой көтерді. Өрбір ауылда этникалық мейрамхана мен мұражай бар. Ал мұндағы қазақтар мекен еткен жер «Шаңырақ» деп аталады. Жергілікті халық қазақ елінен барған қандастарын құшақ жая қарсы алып, бауырына басты. Екі елдің өкілдері шұрқырасып табысты. Қалай дегенмен, қаны бір қазақ емеспіз бе?!

Алдымен, киіз үйге кірдік. Әдеттегідей, іші тұс киіз, сырмақ, құрақ көрпе, басқұр, уық баулар, қазақы оюмен өрнектелген жастықтар мен кесте-орамал, қоржын, кебежемен көмкерілген. Төрде жоғарыға ілінген домбыра мен аң терілері, тұрмыс бұйымдарынан самаурын, келі, келсап, саптыаяқ, торсық, тұтқыш, ағаш саба мен ожауды көресіз. Осындағы қазақ қауымдастығының басшысы, Орынбор облысы халықтары ассамблеясы кеңесінің мүшесі Жәнібек Иткөзов жергілікті қазақтардың ынтымақтас-тығы, этностар мәдениеті мен ана тілді сақтаудағы жұмыстары туралы әңгімеледі.

– Ресейдегі қандастарымыз қазақтың тарихы мен ұлттық құндылықтарын өте жоғары бағалайды. Олар ата-бабаларымыздан қалған бай мұраны сақтап қана қоймай, оны өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттап, жеткізуге тырысуда. Жалпы, Орынбор өңірінде тұратын қазақтардың бір-бірімен араласып, ата салтын жаңғыртып тұрудың бір көрінісін қаланың көрікті аймағында ашылаған ұлттық ауылдан байқауға болады, – деді Жәнібек Иткөзов. – Алаш зиялыларының ізі қалған тарихи өңірде 125 мыңға жуық қазақ тұрады. Соңғы жылдары ауылдан қалаға қоныс аударушылар саны артқан. Дегенмен, тіл – Ресейде тұратын ағайындарды алаңдатып отырған өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінде Орынбор облысы бойынша 50-ге тарта мектепте қазақ тілі қосымша пән ретінде өткізіліп тұрады екен. Алайда, жергілікті тұрғындардың пайымдауынша, ана тілін үйренуге тілек білдірушілер санының көптігіне байланысты бұл аздық етеді. Сондықтан қазақ тілін сақтап, тарихымыз бен



мәдениетімізді, әдет-ғұрпымызды насихаттау мақсатында 1989-шы жылы алғаш рет қазақ ұлттық қоғамы құрылды. Бүгінде мұндай ұйымдар саны 17-ге жетіпті. Олардың барлығы «Орынбор қазақтарының қауымдастығына» қарайды.

Салыңғандарына бір ғасырға жуықтаса да бүгінгі күнге дейін сақталған әр ғимарат сол тарихи кезеңнен сыр шертіп тұрғандай. Көне қаланың көп өзгере қоймаған бөлігінде келе жатып, көз алдыңызға сол көшелермен Алаш арыстарының алшаң басып жүріп келе жатқанын сөзсіз елестеткіңіз келер еді... Ахмет Байтұрсынұлы тұрған үй, бүкілқазақтық съез өткен және тұңғыш қазақ үкіметі 5 жыл бойына қызмет еткен ғимараттар әлі бар. Алаш қайраткерлерінің көбі тұрған Яицкая көшесіндегі 7-ші үй де сол қалпында сақталыпты. Айтпақшы, үстіміздегі жылы Орынбор орталығындағы Ахан тұрған үйге және бүкілқазақтық тұңғыш 1-2 съездері өткен ғимараттарға мемориал тақта орнатылды. Жалпы, қазақ пен орыс халқының көп ғасырлық қарым-қатынастарында Орынбор қаласының алар орны ерекше. Осы қалада Қазақстан тарихының жарқын беттері жазылды. Орынбор патша билігінің құдалауына ұшыраған қазақтың ұлттық қайраткерлеріне пана болды, осында ұлт бостандығы үшін қазақ халқының интеллигенциясы қажырлы еңбек етті.


Ресейде тұрып жатқан қандастарымыз арасында қазақтың көне әңгімелерін білетін ақсақалдар да жетерлік. Солардың бірі –

Астана-насы

«Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік, ендеше жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарымызды сақтап қалу үшін ол сондай қажет. Татулық пен бірліктің арқасында жас мемлекетімізді жасақтап, өтпелі кезеңнен шығынсыз өттік емес пе? Қазақстанның болашағы тек қана халықтардың ынтымағында. Ортақ ордамыз – Қазақстанның босағасын берік, шаңырағын биік ұстап, түтінін түзу ұшыру – елдік мақсат...

Мемлекет дамуының басты негізі – халық арасындағы бірлік пен келісім толеранттылық өзара сенім. Ассамблеяны құрудың арқасында біздің ел дүниежүзінде ешкімге ұқсамайтын, саяси, әлеуметтік, экономикалық және ұлттық дамудың қазақстандық моделін қалыптастырды. Қазақстан халқы Ассамблеясы – ол әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім мәдениетінің негізгі қағидаты».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті.



Саматбек ағамызды біз тоқтаған қонақ үй маңынан жолықтырдық. Сөкең жақында Қазақстаннан келген бір топ туыстарын Әбілқайырдың әйелі Бопай ханымның моласының басына апарыпты. Осы жақта, Орынбор облысының аумағында жатыр. Ертеректе бұл жерге Әбіш Кекілбаев та келіп кетіпті. Жұрт ол жерді «Бопай моласы» деп атайды екен. Саматбек ағамыз жол түсіп, Қостанайға келген соң небір хикаяның тиегін ағытамын деп уәде етті.

ОРНЫ БӨЛЕК ОТЫРЫС

Қазіргі таңда Орынборда ҚР-ның 1500 азаматы білім алуда. Сонымен қатар, жоғары оқу орындарында ҚХА арнайы кафедралары іске қосылып жатыр. Ол жерде түрлі ұлт өкілдерінің жан-жақты проблемалары мен түрлі атқарылып жатқан шаралары талқыланатын болады. Сондай-ақ, жыл сайын облыста этномәдени орталықтар түрлі мерекелік шаралар ұйымдастырып отырады. Орынбордың өзінде ғана 126 ұлт өкілі бар. Ал, қазақтар бұл облыста халық саны жағынан 3-орында тұр.

Иссапардың екінші күні Орынбор орталығында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Тірек тақырып – «Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аймақтарындағы әріптестік». Жиынды Орынбор облысының вице-губернаторы Дмитрий Кулагин ашып, қос мемлекеттің сан жылғы байланысына, ынтымақтастығына тоқталды.

Шараны жүргізіп отырған Ресей халқы ассамблеясы кеңесі төрағасының орынбасары Веналий Амелин:

– Орынбор облысы – Қазақстан мен Ресей арасын жақындататын алып көпір. Біз қазіргі Қазақстанның гүлдеп, көркейіп отырғанын көріп қуанамыз. Екі елдің шекаралас аймақтарында интеграциялық байланыстарды нығайту үшін түрлі тақырыпта бірнеше отырыстар ұйымдастырылды, – деді.

Сондай-ақ, тарих ғылымының докторы осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстан халқы ассамблеясы мен Ресей халық ассамблеясының арасында арнайы келісімге қол қойылғандығын да атап өтті.

Евразиялық интеграциялық жобаның шекаралас аймақтарда қабылдануы жөнінде әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, профессор Жәнділде Мақанов баяндама жасады.

– Өзара ынтымақтастық пен басқа халықтардың мәдениетіне, тіліне және дәстүріне құрмет көрсетудің, олардың құқықтық ерекшеліктерін сыйлау мен қамтамасыз етудің тәжірибесі біздің елімізде бар. «Қостанай таңы» газетінің әлеуметтік зерттеу орталығы-

ның мамандары Қостанай облысындағы түрлі этностар арасындағы қарым-қатынас жағдайларын зерттейді. Сауалнамалар жүргізеді. Солардың нәтижесіне сүйенсек, әр этностың бір-бірімен ынтымақта, бірлікте өмір сүріп жатқандығын көрсетеді, – дегенге тоқталды ғалым.

Айта кетейік, күні бұрын Жәнділде Қожахметұлы басқаратын «Қостанай қызмет көрсету колледжі» мен Татьяна Мальгина басшылық ететін «Орынбор сервис колледжі» өзара әріптестік туралы келісім-шартқа қол қойды. Бұл қос ұжымның алдағы уақытта кадр даярлау ісі бойынша тәжірибе алмасуына үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз.

ОРЫНБОР ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮНІ

Мұндағы қазақтар қауымдастығының бастамасымен сонау 1991 жылы «Айқап» (кейін «Жаңа Айқап») газеті ашылды. Ағашқы шығарушысы – Аяған Нұрманов. Түрлі қиыншылыққа байланысты газет 2006 жылы уақытша жабылды.

Жергілікті биліктің қаржылай қолдауымен, қазақ және орыс тілдерінде шығатын осы басылым жақында 25 жылдығын атап өтті. «Жаңа Айқап» қоғамдық және саяси жаңалықтардан хабардар етіп, айына екі рет 1500 данамен шығып тұрады. «Көпұлтты Орынбор» айдарымен аймақтағы әр ұлттың мәдени өміріндегі оқиғаларынан хабар таратады. «Ресейдегі қазақтар» айдарында өзге аймақтардағы автономиялары, қоғамдастықтары мен қазақ орталықтарының қызметтері хақында баяндалды. Қазақ әндері, балалар және әдебиет беттері, «Салт-дәстүр», «Тарих» сынды айдарлары көпшіліктің қызығушылығын оятты. 2009 жылдан бастап студенттер мен спортшылар, жас мамандар туралы жазыла бастады.

Адамның азамат ретінде рухани жағынан қалыптасып, ана тілінде сөйлеп, сол тілде оқуына мүмкіндік туғызу оңай шаруа емес. Арада өткен 25 жыл редакция ұжымына өзінің шеберлігі мен кәсібилігін шындауына, оқырмандарының сеніміне ие болуына ақпарат айдынындағы әріптестері арасында құрмет пен беделге жетуіне мүмкіндік берді.


Көрші елде тұратын ағайындардың көпшілігі Қазақстанда туып-өспесе де ата-бабаларының кіндік қаны тамған жерді қадыр тұтады. Бүгінде олардың қатарында көзі ашық, көкірегі ояу, білімді, зиялы азаматтар жетерлік. Ресейдегі қазақтар қашан да ұлтымыздың асыл қасиеттерін ардақтап, Атамекенге деген ыстық сезімдерін жоғалтпақ емес.

Суреттерді түсірген автор.

● 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Электронды қылмыс картасы

ПОЛИЦИЯНЫҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕ МЕ?



Елімізде "100 нақты қадам" Ұлт жоспарының 32-ші қадамында көрсетілген тапсырманы орындау мақсатында "Қылмыстық құқық бұзу картасы" іске қосылған болатын. Аталған ақпараттық жүйеде бір апта ішінде жасалған барлық заң бұзушылықтар тіркеледі. Сала мамандарының сөзінше, бұл өз кезегінде ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін бақылауға мүмкіндік беретін көрінеді.

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасының мамандары ҚМПИ-ның базасында жастар мен бизнес өкілдеріне елімізде қолданысқа енгізілген жаңа жобалардың маңыздылығын кеңінен таныстырды. Сондай-ақ, жиын барысында жаңа электронды жүйелердің мүмкіншіліктері де көрсетілді.

— Елбасы "100 нақты қадам" Ұлт жоспарының 32-қадамы аясында "Қылмыстық құқық бұзу картасы" интернет-порталын құру жөнінде тапсырма берген болатын. Бүгінгі күні Президенттің осы тапсырмасын орындау аясында арнайы жұмыстар қызу жүргізілуде. Бұл жоба Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің интернет-порталында жұмыс істеп тұрған "Қылмыстық картасы" ақпараттық сервисі негізінде жүзеге асырылады. "Қылмыстық құқық бұзу картасы" интернет-порталында елімізде бір аптадан аспайтын мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркеледі. Жаңа жобаның қоғамдағы ішкі істер органдары жұмысының тиімділігін бақылауға әрі қылмыстық әрекеттерді әшкерелеу мен оның алдын алуға мол мүмкіндік берері сөзсіз. Яғни, кез-келген тұрғын қаланың қай нүктесінде, қандай қылмыстың болғаны жайында хабардар бола алады. Осының арқасында қаладағы қылмыстық ахуалға күн сайын талдау жасауға болады. Бүгінде Қостанай, Лисаков, Рудный сияқты қалалар "Қылмыстық құқық бұзу картасына" қосылды, ал жыл аяғына дейін облыстың барлық аудандары қосылатын болады, — дейді басқарманың бөлім басшысы С.Доронкина.

Сондай-ақ, бөлім басшысы жиналғандарға service.pravstat.kz порталы арқылы мемлекеттік органдарға қалай өтініш білдіруге болатындығын, берген өтініштің қорытындысын білу, айыппұлдарды анықтау, полицияға электронды түрде шағым түсіру, түрлі тексерулер мен тіркелулер сияқты электронды жүйелердің мүмкіншіліктерін де айтып берді.

Форум барысында сала мамандары "Айқын" жобасының мақсаты туралы да түсіндіріп өтті. Еліміздің бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті әзірлеген бұл жаңа жобаның да жеке және заңды тұлғаларға берері мол. Мәселен, мемлекеттік органдар тұлғалардың өтініштерін қарағанда тек құжаттардың қозғалысы, қабылдаған шешімдері туралы ғана емес, өтініштерді қарау мерзімінің бұзылу деректерін қарастыру барысын да бақылап отыруға мүмкіндік береді. Бүгінде Қостанай облысы бойынша 900-ге жуық субъект "Айқын" жобасына қосылған көрінеді.

— Өтінішті мемлекеттік органдарға тап-



32-қадам. "Қылмыстық құқық бұзу картасы" ұлттық ақпараттық жүйесі негізінде "Қылмыстық құқық бұзу картасы" интернет-порталын құру. Бұл картада елімізде 1 аптадан әрі кетпейтін мерзімде жасалған барлық қылмыстық құқық бұзушылық тіркелетін болады. **Бұл ҚОҒАМҒА ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҚЫЛАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.**

(Н.НАЗАРБАЕВ:

Ұлт жоспары – "100 нақты қадам").



сырған кезде, өтініш беруші өтінішті қабылдап алған көмсе қызметкерінен жеке 18 санды нөмірмен талон алады. Аталған нөмір бойынша өтініштің қарастырылу барысы мен нәтижелері туралы ақпараттарды келесі тәсілдер арқылы білуге болады. Яғни, 8 800-080-7777 (стационарлық), 1414 (мобильді) және операторларға талон нөмірін айта отырып хабарласуға (тегін), талон нөмірімен 1012 (байланыстың барлық операторларына 15 теңге) нөміріне SMS хабарлама жіберуге, Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің <http://service.pravstat.kz>, сайтына кіре отырып, "Мемлекеттік органдарға жүгіну" бөлімін таңдап, талон номерін жазу арқылы білуге болады. "Айқын" жобасының басты ерекшелігі, ол азаматтар

мен ұйымдарға өздерінің өтініштерін қарастыру барысын бақылау мүмкіндігін береді, ал бұл өз кезегінде азаматтардың конституциялық құқықтарының қорғалуын шын мәнінде қамтамасыз етеді, — дейді басқарманың прокуроры Г.Құсайынова.

Арнайы есепке алу бөлімінің басшысы Г.Әлкебаеваның айтуынша, мемлекеттік органдардың кәсіпкерлер жұмысына араласып, негізсіз тексерістеріне тосқауыл қою да құқықтық статистиканың бақылауында. Басқарманың ықпалымен біраз заңсыз тексерістердің жолы кесілген көрінеді. Бұл ретте, яғни жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік органдардың заңсыз тексеруінің жолын кесуде "Бизнес тірегі" порталының зор рөл атқарып отырғанын да айта кеткен жөн.

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Табиғат тазалығы – халық салауаттылығы

Бірнеше жылдан бері тұрмыс қалдықтарымен ауаны ластау өзекті мәселе және жыл сайын осы өзекті мәселе қарқынды таралып отыр.

Облыс аумағында 310 полигонда 3466 мың тонна қатты тұрмыстық қалдықтар жиналған. Жыл сайын саны 450 мың тонна осындай қоқыс төгіледі.

Аралас қалдық-қоқыстар топырақты, ауаны улы заттың бөлінуімен ластайды, өңірдің жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесіне зиянын тигізеді, суға, су тоғандарына түскен тұрмыс қалдықтары ерекше қауіп төндіреді.

Табиғатта өзгерген құбылыстардың салдарынан адам денсаулығына зиянды ықпалын тигізеді.

Облыстың коммуналдық кәсіпорындарында мамандандырылған техника және арнайы құрылғылармен нашар жабдықталуы жағдайды қиындатуда. ҚТҚ полигондарында халықтың экологиялық сауатсыздығы, рұқсат берілмеген жерде үйінділердің жиналуы, қалдықтарды өңдеу және іріктеу жүйесінің болмауы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қарапайым талаптарына сәйкес келмейді.

Әлемдік тәжірибені зерттеу барысында батыс елдерде халыққа әрбір тұрғын жасына және әлеуметтік жағдайына қарамас-тан, қалдықтар ауқымын қысқарту бағдарламасына күн сайын қатысуы қажет екені анықталды.

Осыған байланысты, бүгіндері жаңа жауапты ұрпақты қалыптастыру қажеттілігі туындады, яғни табиғи ресурстарға ықтиярмен қарауға және қоршаған ортаны ластанудан өзінің үлесін азайтуға тырысады.

Біздің елімізде осындай жағдайларды қолдану мақсатында облыс прокуратурасымен экологиялық заңнаманы сақтауда салааралық бағыты бойынша топтардың жұмыс аясында уәкілетті органдармен және облыс әкімдігімен ҚТҚ тиімді және қауіпсіз қарауды қамтамасыз ету бойынша тың жоба әзірленді және мақұлданды. Онда азаматтарға елді мекендер аумақтарын ластауға қоғам болып күресуге және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға назар аударылды.

Жоспарда халықтың денсаулығына және экологиялық жүйеге жауаптылықпен қарауға екпін салынып, айналаға жағымсыз әсерін ғана тигізетін қалдықтарды азайтуға бағытталған нақты индикаторлар көрсетілген.

Облыс прокуратурасының
1-ші басқармасы.

Заңсыз аң аулағандар ұсталды

Облыстың тәртіп сақшылары "Браконьер" жедел-алдын алу шарасын өткізу барысында заңсыз аң аулағаны үшін 30 адамды, балық аулау ережесін бұзған 38 адамды жауапқа тартты.

Операцияның 9 күнінде ОИД полицейлері аңшылық және балық аулау шаруашылықтары аумақтарында 588 аңшы мен балық аулаушыны тексерді. Тексеріс барысында 11 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Оның басым бөлігі ағаштарды заңсыз кесумен байланысты. Заңсыз айналымнан 23 текше метр ағаш, 4 киік мүйізі, 2 қару тәркіленді. Сонымен қатар 92 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.

Қазіргі уақытта заң бұзушылар жауапкершілікке тартылып, олардан 694 мың теңге айыппұл өндіріп алынды.



Айтолқын
АЙҚАДАМОВА

– Айбек Минаимбекұлы, салық кодексiне қандай түзетулер және өзгерiстер енгiзiлдi?

– Шетелдiк көздерден түсiмдердi салықтық бақылау мақсатында "Салықтар және бюджетке мiндеттi басқа да төлемдер туралы" Кодекске кейбiр түзетулер енгiзiлдi, яғни, жаңа өзгертулер шетел қаражаттары туралы мәлiметтердi қозғайды. Осы норманың әрекетiне адвокаттар, нотариустар, дипломатиялық өкiлдiктер, мектепке дейiнгi және орта бiлiм беру мекемелерi енбейдi. Шетелдiк көздерден қаржыландыру алатын жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттiк кiрiстер органдарына есептiлiк ұсынуы, сондай-ақ салықтық регистр құру және нақты деректер базасын жүргiзудi көздейтiн Салық кодексiнiң 14,20,77,557 және 627-баптарына түзетулер енгiзiлдi.

– Бұл мәлiметтер, яғни шетел қаражаттары туралы мәлiметтер қандай уақытта ұсынылады?

– Мемлекеттiк кiрiстер органдары шетелдiк көздерден ақша және өзге де мүлiктi алу туралы мәмiле жасасқаннан кейiн 10 жұмыс күнi iшiнде белгiленген нысан бойынша хабардар етiледi. Сонымен қатар, есептiлiк тоқсаннан кейiнгi екiншi айдың 15-де мемлекеттiк кiрiстер органдарына белгiленген нысанда алынған ақша және өзге де мүлiк, және жүргiзiлген шығыстар туралы мәлiмет ұсынылады.

– Мемлекеттiк кiрiстер органдарын мiндеттi түрде хабардар ету қажет пе?

– Мiндеттi түрде. Мемлекеттiк кiрiстер органдарын хабардар ету мiндетi салық кодексiнiң 14-бабымен белгiленген,

● ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Шетелден келетін ақша ағымы бақылауда

Биыл қазан айынан бастап салық заңнамасына кейбiр өзгерiстер мен толықтырулар енгiзiлдi. Өзгерiстер енгiзу туралы Заң ресми басылымдарда да жарияланды. Осы орайда, бiз Қостанай облысы бойынша Мемлекеттiк кiрiстер департаментiнiң басшысы Айбек Минаимбекұлы Паяевтан осы өзгерiстер жайында кеңiрек сұрап, сұхбаттасқан едiк.

мұндай мiндеттi орындамау заңмен белгiленген жауапкершiлiкке тартуға әкелiп соғады.

– Шетелдiктерден қаржы алуы туралы азаматтардың және заңды тұлғалардың барлығы хабардар етуге мiндеттi ме?

– Шетелдiк көздерден ақша және басқа мүлiк алу және құқықтық көмек көрсету, соның iшiнде құқықтық ақпараттандыру, қорғау және азаматтар және мекемелердiң мүдделерiн бiлдiру және қорғау, сондай-ақ оларға кеңес беру туралы мәмiле жасасқан тұлғалар мемлекеттiк кiрiстер органдарына хабарлама ұсынады. Қоғамдық пiкiр сауалнамаларын, әлеуметтiк сауалнамаларды (оларды коммерциялық мақсатта өткiзуден тыс) үйрену және өткiзу, сондай-ақ оларды тарату және олардың нәтижесiн жариялау. Аталмыш қызмет коммерциялық мақсатта жүзеге асырылған жағдайда ақпаратты жинау, талдау және тарату.

– Шетел ақшалары туралы мәлiметтер қандай мерзiм iшiнде жолдануы тиiс?

– Шетел ақшаларын алу және жұмсау туралы мәлiметтер мемлекеттiк кiрiстер органдарына тоқсанына бiр рет жолданады. Егер ақша бiр тоқсан iшiнде жұмсалса, онда екiншi тоқсанға мәлiметтер ұсынылмайды. Егер мұндай жағдайларда қателер болса, оларды жөндеуге мүмкiндiк бар. Өзгертулер мәлiметтiң қосымша нысанын немесе хабарламаны ұсыну арқылы енгiзiледi.

– Хабарламалар және мәлiметтер қандай нысанда жолданады?

– Хабарламалар және мәлiметтер нысаны Қаржы министрiнiң бұйрығымен бекiтiлген. Формат салықтық есептiлiк нысаны

ны стилiнде құрылған, яғни олар қарапайым және түсiнiктi. Мәлiметтi салықтық есептiлiк үшiн көзделген тәртiппен, келу арқылы немесе электрондық сандық қолтаңбаны пайдаланумен электрондық байланыс арналары арқылы ұсынуға болады. Алуға жататын ақша сомасына шектеу жоқ, тек қана ақшаны алу және оны жұмсау туралы алдын ала хабарлама талаптары бекiтiледi.

– Адвокат (қорғаушы) мемлекеттiк кiрiстер органдары алдында есеп беру-ге мiндеттi ме?

– Егер қаржыландыру адвокаттың кәсiпкерлiк қызметiмен байланысты болса, онда мұндай операциялар бойынша мәлiметтер ұсынылмайды. Бұл тiкелей Салық кодексiнiң 14-бабымен көзделген.

– Қандай тұлғалар алынған шетел ақшалары туралы мәлiмет ұсынбайды?

– Салық кодексiнiң 14-бабымен нақты тұлғалар үшiн ерекшелiктер көзделген. Мысалы, кодексiнiң әрекетiне адвокаттар, нотариустар, дипломатиялық өкiлдiктер, мектепке дейiнгi және орта бiлiм беру ұйымдары енбейдi. Мәлiметтердi ұсыну қолайлы болу үшiн мемлекеттiк кiрiстер органдары оларды келу арқылы немесе электрондық арналар бойынша қабылдайды.

– Ақпаратты тарату үшiн қандай тәртiп орнатылады?

– Шетел қаражаты есебiнен жарияланатын, таратылатын ақпараттар және материалдар тапсырысты орындаған тұлғалар туралы мәлiметтен, әзiрлеу, тарату және ақпаратты жариялау және шетел мемлекеттерi, шетелдiктер және азаматтығы жоқ тұлғалардың есебiнен ақпараттар және материалдарды тарату және орналастыру туралы нұсқаудан тұрады.

– Мемлекеттiк кiрiстер органдары шетел ақшаларын алуға рұқсат беруден бас тарта ала ма?

– Мемлекеттiк кiрiстер органдарында мұндай уәкiлеттiлiк жоқ. Сонымен қатар, мұндай рұқсат қажет емес, ақша немесе өзге де мүлiктi алу туралы мәмiле жасасқаннан кейiн 10 күн iшiнде хабардар ету жеткiлiктi.

– Кейбiр елдерде осыған ұқсас бақылау құралдары енгiзiлдi, бiрақ бұл үшiн жеке заң әзiрленген. Нелiктен Қазақстанда мұны Салық кодексiне енгiзген?

– Себебi, әр елде заңдардың мақсаты әртүрлi. Мысалы, Америка немiс насихатын шектеу үшiн заңды 1938 жылы қабылдаған. Ресей шетел тұлғаларының ел арасында саяси қызметке әсер етуiне шектеу қою мақсатын ұстанады. Қазақстан шетел көздерiнен ақша ағымын бақылау жүйесiн жетiлдiредi, себебi бұл ағым жеткiлiктi түрде айқын емес.

– Бұл өзгерiстер стратегиялық мiндеттерге жетуге қалай әсер етедi?

– "Стратегия-2050", "Мәңгiлiк ел" идеясын, бiздiң елiмiздiң әлемнiң дамыған 30 елiнiң қатарына ену концепциясын жүзеге асыру контекстiнде ел арасында саяси, экономикалық және әлеуметтiк түрлендiрулер үшiн қолайлы сыртқы жағдай жасау, халықаралық аренада ұлттық мүдделердi қорғау басым бағыттар болды және болып қала бередi. Осыған байланысты Кодекске енгiзiлген өзгерiстер қойылған мiндеттердi орындау барысында мiндеттi қадамдардың бiрi болып табылады. Салық кодексiнiң нормаларына сәйкес, ұсынылатын ақпарат салық есептiлiгiне енбейдi, және қосымша жүктеменi бiлдiрмейдi.

– Соңғы сұрақ, ақпарат қайда жарияланады?

– Шетел көздерiнен ақша және мүлiк алатын тұлғалар, оларды ұсынған тұлғалар, алынған ақша сомасы және өзге де мәлiметтер Қазақстан Республикасы Қаржы министрiлiгi Мемлекеттiк кiрiстер комитетiнiң ғаламтор порталында жарияланады.

(Сұхбат мемлекеттiк кiрiстер департаментi баспасөз хатшысының көмегiмен әзiрлендi.)

Ұлттық гендерлік саясат

XIX ғасырға дейiн әйелдi адам құрлы көрмегенiне, кез келген салада құқығын шектеп қойғанына шыдамаған батыс әйелдерi бас көтерiп, нәтижесiнде "гендерлiк саясат", "феминизм" деген терминдер пайда болды. Содан берi бұл сөздердiң аясы кеңейiп сала бердi.

Халықаралық қауымдастықтың назарын әйел құқықтары мәселелерiне аудару үшiн БҰҰ 1975-1984 жылдарды "Әйелдердiң онжылдығы" деп жариялады. Бұл мақсатта әйел құқықтарына қатысты төрт бүкiл әлемдiк конференция өткiзiлген. Олардың алғашқысы 1975 жылы Мехикода өткiзiлдi, екiншiсi 1980 жылы Копенгагенде, үшiншiсi 1985 жылы Найробиде өткiзiлдi. Найробиде өткен конференцияда қабылданған стратегияда қоғамдық өмiрдiң барлық салаларында теңдiкке жетудiң әдiстерi мен тәсiлдерi белгiлендi.

"Еуропадағы қауiпсiздiк пен ынтымақтастық Ұйымы" /ЕҚЫҰ/

қызметiнiң басты бағыттарының бiрi ретiнде азаматтардың құқықтарының және демократиялық қағидалардың сақталуын, гендерлiк баланстың қозғалысын, кемсiтудiң барлық нысандарының жойылуын айтуға болады.

Елiмiздегi демократиялық процестiң маңызды бөлiгiнiң бiрi – ұлттық гендерлiк саясат. Мемлекет басшысының Жарлығымен бекiтiлген, 2006-2016 жылға арналған "Қазақстан Республикасындағы гендерлiк теңдiк стратегиясы" негiзiнен қоғам мен билiктiң тиiмдi әрекет ете отырып, ерлер мен әйелдер арасындағы теңдiкке қол жеткiзуге бағытталған. Мұндай бағдарлы құжаттың болғандығының өзi ел басшылығының әйелдердiң жағдайын нақты жақсартуға бағытталған саяси ниетiн аңғартады және мемлекеттiк саясаттың маңызды компоненттерiнiң бiрi болып табылады. Бiздiң елiмiзде гендерлiк теңдiк салысында белгiлi бiр жетiстiктерге қол жеткiзiлдi, сонымен қатар, нормативтiк-құқықтық база да жетiлдiрiлуде. 2009 жылдың желтоқсанында гендерлiк бағыттаушы заңнама аясында "Тұрмыстық зорлықтың алдын алу туралы", "Ерлер мен әйелдердiң тең құқықтары мен тең мүмкiндiктерiнiң мемлекеттiк кепiлдiгi туралы" Заңдар қабылданған. Азаматтық қоғам ұлттық гендерлiк саясатты жүзеге асыруға, өмiрдiң барлық салаларында гендерлiк теңдiкке қол жеткiзу механизмiн дайындауға белсендi түрде қатысуда.

Әйел азаматтар әр уақытта да елiмiздiң саяси, рухани-мәдени, экономикалық-әлеуметтiк өмiрiнде аса зор орын алған және елдiң қоғамдық өмiрiнiң барлық саласында өздерiнiң жоғарғы белсендiлiктерiн танытуда. Қазiргi таңда әйелдердiң заңды мүдделерi мен құқықтарын құқықтық қорғау мәселесi алдыңғы қатарға шықты. Әйел құқықтарын қорғау мәселелерiне қатысты халықаралық және республикалық деңгейде нормативтiк-құқықтық актiлер қабылданған.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепiлдiк берiледi, Заң мен сот алдындағы бәрiнiң теңдiгiн жариялай отырып, ҚР Конституциясы жынысқа қатысты кемсiтушiлiктiң барлық нысандарына шек қояды.

Гендерлiк саясат Қазақстан Республикасының әлеуметтiк саясатының басым бағыты болып табылады. Елiмiз әйелдер мен еркектердiң құқықтары мен заңды мүдделерiн қорғау саласында айтарлықтай жетiстiкке жеттi. Мемлекеттiк органдарда мемлекеттiк қызмет атқаратын әйел азаматтардың саны соңғы жылдары бiршама жоғарылады. Әйелдер кәсiпкерлiк саласында да өз белсендiлiктерiн танытуда, елiмiздiң әлеуметтiк-экономикалық даму үрдiсiнде олардың алар үлесi қашан да жоғары.

Қазақстан Республикасы гендерлiк теңдiкке қатысты негiзгi халықаралық әмбебап Конвенцияларды ратификациялады. Олардың iшiнде "Әйелдерге қатысты кемсiтушiлiктiң барлық нысандарын жою туралы" Конвенция, "Әйелдердiң саяси құқықтары туралы" Конвенция т.б. бар. Елiмiзде әйел мен еркектiң құқықтары мен бостандықтарының теңдiгi конституциялық теңдiкке, яғни Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекiтiлген адамның негiзгi құқықтарына жатады. Заң мен сот алдындағы бәрiнiң теңдiгiн жариялай отырып, ҚР Конституциясы жынысқа қатысты кемсiтушiлiктiң барлық нысандарына шек қояды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Конституциясы әйел мен ер азаматтың тең құқығының қағидаларын жинақтаған.

Т.ЖОЛКЕНОВА,
Қостанай қалалық сотының судьясы.

ТАҒЫМ

Жақында өткен А.Иманов басқарған халық қозғалысының 100 жылдығына арналған ғылыми конференцияда белгілі тарихшы ғалым, профессор, тарих ғылымдарының докторы Аманжол Күзенбайұлы: "кезінде кеңестік саясаттың салқынымен аттары аталмай келген, аталса да сирек айтылған осы қозғалысқа ат салысқан азаматтардың есімдерін анықтау ғалымдар мен өлкетанушылардың алдындағы міндеттердің бірі" деп атап көрсеткен болатын. Батыр атындағы аудан орталығындағы А.Иманов мұражайымен танысып жүргенімде 1916-жылғы халық қозғалысына арналған бөлмеден қарулас достарының ортасындағы өзімнің атам Сейдахмет Бейсейітұлының фотосуреті де көзіме оттай басылды.

С.Бейсейітұлы – 1879 жылы Торғай уезі, Шұбалаң болысында дүниеге келген. Әкесі Бейсейіт Қонарбайұлы – осы өңірге танымал дәулетті жандардың бірі болыпты. Бұған ол кісінің "Шұбалаң болысының құрметті қырғыздары (қазақтары) тізіміне" тіркелуі де дәлел болғандай. Бауыр еті балаларының болашағын ойлаған ол ұлдары: Сейдахмет, Баяхмет, Рахмет, Төлебайларды ауыл молдасынан оқытып, мұсылманша хат танытумен қатар, Торғайдағы Ыбырай Алтынсарин мектебіне оқуға беріп, орыс білімін үйретуге тырысыпты. Ал 1880 жылы Торғайда қыздар мектебі ашылғанда, қызы Айшаны да оқуға қабылдау туралы Бейсейіттің берген арызы мұрағатта сақталған. Осы мектепке қабылданған алғашқы жеті қыздың бірі – Айша Бейсейітқызы туралы құжатта "әкесі – Бейсейіт Қонарбайұлы Шұбалаң болысының құрметті қырғыз" деп атап көрсетілген. Жас кезінен орыс тілін меңгерген Сейдахмет немере туыстары, Ыбырай ата мектебінің түлектері – Смағұл мен Хәкімбек Токиндермен бірге ел билігіне ерте араласыпты. Батпаққарадағы А.Иманов, Ә.Қарабаевтармен бірге Аққұм болысындағы – Т.Кетібаров, К.Қабақов, Ә.Тәшібайұлы, Майқараудағы – С.Қабақов, Ә.Иманқұлов тәрізді сол дәуірде – Торғай еліне танымал ел ағаларымен үзеңгілес, сыйлас болды. С.Бейсейітовтің Торғай қаласының В.Шишков, А.Денисов, Н.Токаревтар тәрізді орыс, Ақтамақов, Назмуддинов сияқты татар ұлтынан шыққан азаматтармен де достығы өмірінің соңғы сәттеріне дейін жалғасқанын көнекөз қариялар жыр қылып айтып отыратын еді.

Ал тарихи құжаттарда "Жәрмеңке төбелесі" деп аталған, Торғай қазақтарының 1908-жылғы патша полициясымен қарулы қақтығысы Сейдахмет үшін саяси күрес жолын айқындап берді десек артық айтқандық болмас еді. Жүздеген адам жиналған жәрмеңкеде бір қазақты полицейдің жазықсыз ұрып жатқанын көрген ауылдастары арашаға түседі. Олар да соққыға жығылады. Ашынған халық патша жандармдарымен ашық айқасқа шығады. Бұл туралы 1975 жылы "Қазақстан" баспасынан жарық көрген "А.Иманов. құжаттар жинағы" атты кітапта толық баяндалған. Осы жинақтың 147-бетінде жарияланған Торғай уезі, Шұбалаң болысының тұрғыны Сейдахмет Байсейітовтің "Түрмеде" деген естелігінде осы оқиға туралы айтылған. Әрине, көктемірге құрсанған солдаттарға қарсы тұру қолында қамшыдан өзге қаруы жоқ қазақтарға оңайға түспесе керек. Дегенмен, ашынған ауыл тұрғындары да аянып қалмағанға

ұқсайды. "Қолма-қол қызу айқас басалды. Төбелеске жұдырық та, таяқ та, сол сәтте қолға түскеннің бәрі



Жақсының ізі

жұмсалды. Құрбандық та болмай қалған жоқ. Полицей отряды келгенде 2 адам: бір солдат пен бір қазақ өліп жатты. Айқас болған жерден отряд 40 қазақты тұтқынға алды. Олардың көбі төбелеске қатынаспай, қарап тұрғандар болатын. Тұтқынға алынып, түрмеге түскендердің арасында А.Иманов та болды. Мен де түрмеге түстім", – деп еске алады С.Байсейітов. Ол өзінің осы естелігінде: "біз Торғай түрмесінде 3 ай отырдық. Аманкелді өзінің мінез-құлқымен, адамдарға қарым-қатынасымен алғашқы күндерден-ақ, басқалардың арасында айрықша көзге түсті" – деп жазады.

Бұл оқиға сол кездегі қазақ қоғамында рухани маңызға ие болған. Қақтығысқа қатынасушыларды патша соты ондаған жылға жер аударып, қатал жаза кескен. Алайда, Ресейдің озық ойлы қайраткерлері оларды қорғауға қатысқан. Тіпті Ресейге есімі танымал адвокаттар да сот процесіне келіп, жазықсыз жапа шеккен қазақтарды қорғауға тырысқан. Ағайынды Хәкімбек пен Әбен Токиндердің інісі Қамбар ақсақал қуғынға түскен туыстарын қорғауға Ресейдің әйгілі адвокаттары Плевако мен оның ізбасары Муравьевтердің қатынасқандығын ризашылықпен үнемі еске алып отыратын еді. Сол кезде тек қазақ қана емес, өзге түркі тілдес елдерге де жақсы таныс "Айқап" журналының алқасы да оқиға барысын мұқият қадағалап, ол туралы оқырман қауымға жиі хабарлап отырған. Сондай-ақ, бұл туралы 1995 жылы Алматыдан жарық көрген "Айқап" құжаттар жинағынан да оқи алады.

Ал 1916 жылғы А.Иманов басқарған халық қозғалысына Сейдахмет алғашқылардың бірі болып қосылған. Бұл туралы А.Нұрқасымовтың естелігінде: "Аманкелді арғындарды да тарту керек деді. Торғай бойындағы Мерген руына ат басын бұрып, Х.Төкеұлы мен Бейсейіттің Сейдахметіне "Жалғызқұдық" деген жерде жолықты. "Бұлар тұрғанда Шұбалаң болысының жігіттерінің туымыздың

түбінен табылатындығына сенімдімін", – деді батыр. Олар Аманкелді жасағына Сорша деген жерде қосылып, жорық жолында жандарын шүберекке түйіп бірге болды", – деп жазылған болатын. Осы деректе Х.Токиннің "Елбегі", ал патша жасағымен Татырда болған соғысқа жүз шақты туысын ертіп барған О.Тынымовтың "хан кеңесі мүшесі" болып тағайындалып, ал Сейдахметтің Шұбалаң болысынан жиналған жігіттерді басқарған "Мыңбасы" болғандығы да жазылған. Сондай-ақ, 1936 жылғы шілде айында Қостанай облыстық "Большевиктік жол" (қазіргі "Қостанай таңы") газетінде де Аманкелді ауданының тұрғыны Ы.Атамбекұлы мен Сейдахметтің екеуінің суреттері басылып, оған "ортамызда жүрген қос мыңбасы" деп түсінік беріліпті. Торғай өлкесі тарихының тылсым сырларын талмай

ақтарған өлкетанушы-журналист марқұм Б.Әлмағанбетов өзінің "Торғайдағы азаттық көтерілісі" атты зерттеуінде ғасырға жуық ғұмыр кешкен қария Құсей Ахметұлының естелігін негізге ала отырып, атақты Шашамбайдың Рахметінің баласы Әбдікәрімнің Әлжан Қарабайұлы мен Жәкен Сүтемгенұлдарына: "Сендер батырды құтқаруға қам жасаңдар. Маған Аманкелдінің тірлігі керек. Бейсейіттің Сейдахметіне барып жолығыңдар, ол көмектеседі" деп тапсырғанын жазады. Сол кездегі оқиғалар туралы ақын А.Аймағанбетұлы 1936 жылы басылған "Қамалды бұзған қаһарман" дастанында:

"...Қыршын жастың кімге болар
обалы,
Аз күн заулап өткен бастан
заманы.
Тірі болса Ахмет, Қамбар,
Сейдахмет,
Бұлжытпасын біздің салған
жобаны...
... Осы жолда өлсек деген серт еді,
Іште жалын жүрек қайғы дерт еді.
Ахмет, Қамбар басшы болып,
Сейдахмет,
Жігіт-желең сондарына ертеді,
– деп жырға қосқан болатын.

Сейдахмет 1920-21 жылдары Торғай уездік милициясын да басқарған. 1921 жылы "денсаулық жағдайыма байланысты" деп өзі арыз беріп жұмысынан босанып шығып, орнына Қамбар Токинді ұсыныпты. Ол бұдан кейін ресми қызметтен бас тартып, өз аулы Тереңсайда тұрмыс кешкен. 1936 жылы 1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына байланысты "Қазақстанның 15 жылдығы" медалімен марапатталған.

Ал 1923 жылғы 23 тамыздағы Торғай уездік ГПУ-інің Ақтөбе губерниялық ГПУ басқармасына жолдаған құпия ақпаратында Сейдахметтің алаш арыстары А.Байтұрсынов пен К.Тоқтабаевтардың күйеу баласы екені де айтылған. Ахаң ағамыз 1926 жылы Торғайға соңғы келгенінде Сейдахметке қолына ұстаған таяғын (трость) "көзімдей көріп ұстап жүр"

деген ақжарма тілегімен ескерткіш етіп қалдырған екен. Бұл жәдігерді Қостанай мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры, марқұм академик З.Алдамжар осы оқу орнының мұражайына алдырды. Ұлы ағартушы Ахаң қолына ұстанған бұл таяқ қазір осы мұражайдағы қымбат жәдігерлердің бірі саналады.

С.Бейсейітұлының өнегелі өмір жолы туралы ғылыми деректер мен естеліктері және тарихшы ғалым, академик Манаш Қозыбаевтың мақаласы, Алматыдағы "Арыс" баспасынан 2013 жылы шыққан "Торғай елі" энциклопедиясының 105-бетінде: "Бейсейітұлы Сейдахмет – 1916 жылғы Торғай көтерілісі басшыларының бірі, мыңбасы. Торғайдағы Ы.Алтынсарин мектебінде білім алған. А.Имановпен бірге қуғындалып, патша үкіметне қарсылық көрсеткені үшін сотталып, 1908-1911 жылдары түрмеде отырған. Көтеріліске алғашқылардың бірі болып қосылып, Шұбалаң болысының сарбаздарын басқарды. Өмірінің соңғы кезеңінде туған ауылында әртүрлі жұмыстар атқарды" (дерек көзі: С.Кенжеахметұлы) деп жазылған. Халық ақыны Омар Шипин 1989 жылы Алматыдағы "Жазушы" баспасынан жарық көрген "Аманкелді батыр" поэмасында Ә.Жанкелдиннің ел басына күн туған қиын кезде үзеңгілес болған серіктестерінің қатарында Сейдахметті де арнайы шақырып алып, жүздескенін тебірене жырға қосқан болатын.

Ал, Ғафу Қайырбеков "Ақжелкен" повесінде: "Бұл Сейдахмет атаның алпыстың жуан ортасына енген, ел шаруасынан шеттеген кезі еді. Ауылдың арыстай ағасы болумен қатар, ескі мен жаңаның екі жағын тең ұстаған, екеуінің де тек жақсы жағын иемденген кісі болатын. Бұл – адамда сирек кездесетін ірі кісі еді. Керемет үлкен басты, басының нақ шүйдесінде жұдырықтай ұрасы бар, жауырыны даладай адам. Рессорлы тарантас ол кісі мінген кезде жерге жабыса жаздап барып, қайта түзлетін еді. Сейдахмет атаның бәйбішесі Ақжүніс те бойшаң, аққұба, қаршыға көзді, биік жаулықты, ірі тұлғалы, әмірлі кескінді адам болатын. Сейдекеңнен еркек кіндікті сескенсе, Ақжүністен ұрғашы біткен именетін еді, бұл өңірде" деп бейнелеген болатын. Ол кісінің тұңғышы Бидаш Ұлы Отан соғысының отты жылдарында ел басқарып, "Отан қорғау" қорына 100 мың сом қаржы тапсырғаны туралы 1942-1944 жылдары республикалық "Социалистік Қазақстан" газетінде бірнеше мақала жарияланған болатын. Бұл деректер Қостанай облыстық ардагерлер кеңесі шығарған құжаттар жинағына да енген. Кенжесі Қарағұл Сейдахметұлы да ұзақ жылдар бойы Жанкелдин ауданында партия-кеңес қызметінде болып, туған өлкесін өркендетуге өз үлесін қосты. Ұрпақтары Қостанай облысында тұрады. Ал, С.Бейсейітұлының өнегелі өмір жолы туралы ғылыми деректер мен ол кісінің фотосуреттері Қостанай облыстық, Арқалық қалалық, Аманкелді мен Жанкелдин аудандық мұражайларында және Ақтөбе мен Қостанай облыстық мұрағаттарында сақталған.

"Жақсылардың соңында ізі қалар..." деп Мәшһүр Жүсіп ағамыз айтқандай, ел тәуелсіздігі мен игілігі жолында саналы ғұмырын сарп еткен атам туралы көп сырдың бір парасы осындай.

Қабылахан СЕЙДАХМЕТ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі.

Бала тәрбиесінің бағбаны

"Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек".

Н. НАЗАРБАЕВ.
Қазақстан Республикасының Президенті.

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Бала тәрбиесіне барын салып, ата-аналарынан кем түспей өбектеп жүретін жандар болады. Олар – бала бойына білім мен тәрбиенің дәнін сіңірген ұстаздар. Сондай құрметті ұстаздардың бірі – Арқалық қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы №1 мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Қ.Кенжебеков.

Қанат ағай мектеп бітіргеннен кейін ел қатарлы отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. "Тынық мұхит флотында" аға матрос болып, әкери міндетін өтеді. 1979 жылы Қарағанды педагогикалық институтының дене тәрбиесі факультетін бітіріп, Ш. Уәлиханов атындағы №1 мектепке жолдамамен жас маман болып келді. Міне, содан бері ұстаздық жолдан айныған емес. Ата-анасынан қашықта жүрген ауыл балаларына қамқор бола білді. Ол кезде интернатта оқып жүрген балалар күндіз-түні ұстаздардың қамқорлықтарында болатын. Қандастарымыз алғаш елге орала бастағанда олардың балаларының кеңестік білім беру жүйесіне қалыптасып кетуіне үлкен үлес қосты. Балалардың алғаш қалыптасу кезеңдерінде тамақтану жүйесіндегі ерекшеліктеріне байланысты ауырып қалған кездері де болды. Интернатты қашуға шақ қалған айқай-шудың да бетін қайырды. "Адам анатомиясы мен физиологиясындағы ерекшеліктердің ескерілуі қажет" –

деп жанын сала қорғап қалды. Мұның бәрі – институтта оқып жүргенде сауықтыру дене мәдениеті пәнінен сабақты беріліп оқығанының арқасы.

Соңғы 7-8 жыл көлемінде 3 спорт шебері, 3 спорт шеберлігіне үміткер, бірнеше облыстық, республикалық чемпиондарды дайындап, жас жеткіншектердің ғылыми жүйедегі жас ерекшеліктеріне бағыттап жасаған еңбегінің жемісін көрді. Биылғы жылы ұлағатты ұстаздың көп жылғы маңдай тері еленіп "Мәңгілік ел" тақырыбында өткен ұстаздардың облыстық тамыз конференциясында Қанат Кенжебекұлы "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері" белгісімен марапатталды.

"Жетістікке жетуім – ұжымның ерен еңбегі. Мектеп басшысы Күлнәзия Жұмабаеваның басшылығымен жүргізілген жүйелі еңбектің арқасы. Спорт залда жүрген әр азамат лайықты деп ойлаймын. Әріптесіміз, мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Кенжеболат Сүлейкеев, Нұрлы-



бек Жұмақанов, Әли Сариндердің еңбектері зор, – дейді жастардың тәлімгері жоғары дәрежелі марапат жайында еңгіме қозғалғанда.

Қанат Кенжебекұлы оқушылардың үлкен деңгейдегі жетістіктерге жетуі үшін, оларды жас ерекшеліктерімен жетілдіре отырып, ғылыми жүйеде жақсы дамыған алып күш иесі болып шығуына футбол үйірмесі арқылы көп күш жұмсайды.

– Шәкірттерімді жақсы деңгейге көтеріп, елге танымал етіп жатқан қалалық спорт мектебінің жаттықтырушыларын, елжанды азамат Рүстем Шалабаев басқаратын ұжымды ерекше атап өткім келеді. Еңбек осы азаматтардыкі. Мектептің міндеті – жас таланттарды бапкерлердің көзіне түсіп, таңдап алғанша тәрбиелеу. Бәріне мың алғыс! – деп ағамыз ағынан жарылады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Қанат Кенжебеков, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Хаттар қоржынынан

Ұлы Абай ағамыз "Адамның адамшылығы... жақсы ұстаздан" деп бекер айтпаған. Сондықтан да оқырмандарымыз хаттарында ұстаздар туралы сыр шертеді. Енді сол хаттарды оқып көрелік.

Ұстаз

Мұғалімі қандай болса, қоғамы да сондай болмақ делінген бұлжымас заңдылық ерте уақыттардың өзінде-ақ белгілі. Адамзат өркениетінің даму тарихында жақсы мектебі мен мұғалімдері бар мемлекет қана озып шыққан. Осындай ұлағатты ұстаздар қатарында Ұзынкөл ауданындағы №2 Ұзынкөл орта мектебінің қазақ тілі пәнінің мұғалімі Рауза Қожанова. Рауза апайдың ұстаздық жолында жүргеніне отыз екі жылдан асты. Апайдың түлектері бүгінде сан-салада қызмет атқаруда. Рауза Құрмашқызының өмірлік ұстанымы – "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға". Ол кісінің айтуы бойынша ұстаз қандай тәлім-тәрбие берсе, оқушы да болашақта тәрбиелі, білімді болмақ.

Алмагүл БАТЫРБЕКОВА,
ҚМУ-дың 2-курс студенті.

Елеулі еңбек жемісі

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Дана да, бала да, яғни бір сөзбен айтқанда адамдардың бәрі-бәрі ұстаздан білім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Сондай ұстаздардың бірі – Рудный қаласындағы №7 орта мектебінің мұғалімі Сәуле Керімқызы. Ұстаз география пәнінен сабақ береді. Ол – ұлағатты ұстаз. Фибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буынды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя



білген Сәуледей сәуле шашқан ұстаздың өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге. Ұстаздық жолды Сәуле Керімқызы балабақшада тәрбиеші болып бастады. Еліміз тәуелсіз ел болып, қазақ мектебі ашылғаннан кейін өз жолын сол алғаш ашылған қазақ мектептерінің бірінен бастады. Ұстаздың жетістіктері мен асқан асулары жеткілікті. Солардың ішінде ерекше айта кетер жәйт, 2016 жылы ерен еңбегі үшін "Құрмет" медалімен марапатталды.

Алтын МОЛДАШЕВА, мұғалім.

Топтаманы әзірлеген Гүлназым САФИТОВА.

ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-55!

Қостанай қаласындағы Ф.Қайырбеков атындағы №9 мектептің ұжымы мектеп директоры **Молдахаликов Әсемхан Нұртазаұлы** 55 жасқа толуымен шын жүректен құттықтайды.

Әріптестер сөз тізгінін қолға алар, Сізге арнаған ақ тілегін ақтарар.
Екі бестік ғажап сан ғой білгенге,
Мектеп ішін той дүмпуі жаңғыртар.
Халықтың көп алғысын арқалаған,
Ардақты азаматсыз ордамызда.
Намыстың желбіретіп ақ жалауын,
Назарда: мектеп, мұғалім, оқушы да.
Ұстаздар өзіңізден үлгі алады,
Разы боп тағдырына сый ұсынған.
Тоғызыншы мектепте капитансыз,
Алға қарай өз кемесін бағыттаған.
Заманауи мектепке айналса деп,
Армандап қиялдайсыз кей уақытта.
Ұжымыңыз өзіңізбен мақтанар,
Лайықтысыз сан қилы марапатқа.
Ынтымақты отбасыңыз аман болып,
Немерелер "аталап" шауып жүрсін!
Абыроймен келіп тұрған бүгінгі,
55 мерейлі жас құтты болсын!



Құттықтаймыз!

Анамыз **Жұмагүл Шоқанова**, әкеміз **Марат Бүркітбаевты** туған күндерімен құттықтаймыз!

Адамгершілігімен, азаматтық іс-әрекеттерімен айналасына қадірлі болған, кісілік пен кішілік нұры тула бойынан төгіліп тұрған жан – Әкетайым және қымбатты да ардақты жан – Анашым! Бүкіл өмірлерін балаларына арнап, ардақты ана, қадірлі әке бола білген, немерелерінің сүйікті әкесі мен әжесі болып отырған әкеміз бен анамыз, сіздерді қазан айының 4,5 жұлдызында келе жатқан туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Езулеріңізден күлкі нышаны кетпесін, тіпті көздеріңізден тамған әрбір тамшы жас қуаныш пен шаттықтан тамсын! Жүздеріңізден шуақ кетпей біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кеңеліп, бақытқа бөленіп жүре беріңіздер!

Ізгі тілекпен: балаларың, немерелерің: Алдияр, Айдос және Жігер.



Құттықтаймыз!

Наурызым ауданы Қараменді ауылының тумасы, ағамыз **Шененов Құрманғазы Кенжебайұлы** 3 қазанда 60 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Ешқашан жабырқамай көңіліңіз,
Бақытқа толы болсын өміріңіз.
Ұрпақтан қызық көріп, ұзақ жасап,
Тек қана биіктерден көрініңіз.
Денсаулығын әрқашан мықты болсын,
Өмірің шаттық пенен нұрға толсын.

Ігі тілекпен: қарындастарыңыз, күйеу балаларыңыз бен жиендеріңіз.



ТОО "Восток-1" извещает своих участников о проведении внеочередного собрания. Собрание состоится 06 ноября 2016 года, по адресу Костанайская область, Мендыкаринский район, село Михайловка, Дом культуры. Начало собрания 10.00 часов.

1. О замене части действующего залогового обеспечения по которому истекает срок эксплуатации в АО "Аграрная кредитная корпорация" с правом внесудебной реализации в случае неисполнения\ненадлежащего исполнения своих обязательств по заключенным договорам займа.

2. Принятие решения на перекрестное распространение всех обязательств ТОО "Восток-1" перед АО "Аграрная кредитная корпорация" и КТ "Боровское" по договорам залога, объектом обеспечения по которым является право временного возмездного землепользования и животноводческие комплексы.

3. О дополнительном предоставлении в залог в обеспечение займа АО "Аграрная кредитная корпорация" комплектующего оборудования к комбайну КСК 600-03 с правом внесудебной реализации в случае неисполнения\ненадлежащего исполнения своих обязательств по заключенным договорам займа.

Администрация ТОО "Восток-1".

Курительные смеси "отправляют" в точку НЕвозврата

Курительные смеси – это специальным образом подготовленное натуральное сырьё: корни, стебли, цветы, семена, и листья различных растений, а также их экстракты, смешанные в определённых пропорциях.

Чем опасны курительные смеси?

• Из-за систематического вдыхания дыма появляется осиплость голоса, кашель, повышается риск развития рака ротовой полости, глотки, гортани и бронхов.

• Регулярное воздействие дыма вызывает слёзотечение, которое может длиться часами после курения.

• Токсическое воздействие курительных смесей вызывает тошноту, рвоту, повышение артериального давления, усиление сердцебиения, судороги, потерю сознания и др.

• Компоненты дыма воздействуют на центральную нервную систему, что проявляется в виде беспричинного смеха, плача, галлюцинации, депрессии, выраженной агрессии.

• Курительные смеси приводят к инвалидности и психическим заболеваниям.

Жезқазғанның жезтаңдай әншілері



Жезқазған қаласы Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармониясының әртістері гастрольдік сапармен ауданымызға келді. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамединнің жетекшілігімен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған «Ән көңілдің ажары» атты концерттік бағдарламаларын ұсынды.

Әуезді әнге толы осы кеште Ғалым Мұхамедин және халықаралық ақындар айтысының жүлдегері, әнші Жанбол Көпбосынов сал-серілер мен халық әндерін нақышына келтіріп орындап, көрермендердің қошеметіне ие болды. Сондай-ақ, құлақтың құрышын қандырар халық әндеріне еріксіз елтіп, ұйып тыңдаған ақ жаулықты аналар үздіксіз шапалақтарын соғумен болды. Ал республикалық байқаулардың лауреаты Лаура Отызбаева қоңыр дауысты қобызды асқан шеберлікпен тарта отырып, өнер сүйер қауымның жүректеріне жол тапты. «Әннің де естісі бар – есері бар» дегендей, адам жанын баурап алатын эстрадалық әндерді шырқаған республикалық әншілер байқауының лауреаты Қайырбай Жұмабаев пен жас әнші Медет Сламғазыға деген қолдаумен ыстық-ықыластың жөні бөлек. ҚР-ның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин 1973 жылы Жезқазған облыстық көркем өнерпаздар байқауының жүлдегері атанған. Кейін бойындағы киелі өнерін шыңдау мақсатында республикалық эстрадалық өнер студиясына оқуға түседі. Есімі елге танымал халық әртісі Ж.Елебековтен дәріс алып, оқуын ойдағыдай аяқтап, Мәдениет

министрлігінің арнайы жолдамасымен Жезқазғанға келіп, өнерімен тәңті етіп, «Жез киік» ансамблінің жезтаңдай әншісі атанған. Т.Қалмағамбетовтің әндерін ел ішіне кеңінен насихаттап, Жезқазған филармониясының негізін қалауға мұрындық болған өнер жанашыры. Өзінен кейінгі жастарға өнерін үлгі етіп, шәкірт тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз деген лайықты бағасы да жоқ емес.



– Біз үшін батырлар мен ақындар, ғалымдар мен даналар туған жердің топырағын басу қол жетпес бақыт деп білеміз. Біртуар саңлақтарды өнер биігіне шығарып, қанаттандырған осынау киелі сахнада ән айту өміріміздегі ең алғашқы жетістігіміз деуге негіз бар. Өнер мен дарын иелерінің таразысын тең ұстай білетін тыңдарманымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ, – дейді жезқазғандық жезтаңдай әншісі.

Аудан әкімінің орынбасары Түбекбай Әубәкіров Торғай өңіріне келіп, халықты әсем әнмен сусындатып, рухани демалыс сыйлаған жезқазғандық әншілерге аудан әкімдігі мен аудан жұртшылығының атынан ризашылық сезімін жеткізді. Сонымен қатар, өнер жолындағы тынымсыз еңбектеріне табыс тіледі.

Халық әндеріне әбден сусындаған көрермендер кимастықпен тарқасып, жүрек-жарды тілектерін білдіріп жатты.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.

Жанкелдин ауданы.



Ұстаздар күні аталып өтілді

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Елдің ертеңі тәрбиелейтін ұстаздар. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның мәжіліс залында ұстаздар күні мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Қажырлы еңбек иелерін қала әкімінің орынбасары Қ.Әбішев пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Ғапбасұлы құттықтады.

Мерекелік шарада ұстаздар қауымына лайықты құрмет көрсетіліп, сый-сияпат жасалды. Атап айтқанда: «Ы.Алтынсарин төсбелгісі» Арқалық көпсалалы колледжі директорының орынбасары Болатбек Оташевқа табысталаып, облыстық білім басқармасының грамотасымен №5 мектеп мұғалімі Жұмақұл Мекебай, Б.Байқадамов атындағы

музыка мектебінің оқытушысы Балым Жүсіпова, Фурманов орта мектебінің мұғалімі Гүлнәр Әбілдина, №10 мектеп мұғалімі Айзада Мұқанова, №1 мектеп мұғалімі Гүлнәр Жаманова, Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің оқытушысы Руслан Мәмбетов, Арқалық медицина колледжінің ұстазы Самал Жиенбаевалар марапатталды. Арқалық қаласы әкімінің марапатына кенелгендер де аз болмады.

Жас ұрпаққа жаңашыл білім беріп, ел болашағын жасампаздыққа тәрбиелейтін ұстаздар еңбегі өлшеусіз. Төл мейрамында еңбегі жанып, мәртебесі өскен аяулы жандар «Жас-Ұлан» жасөспірімдер орталығының ұйымдастыруымен әзірленген мерекелік концертті тамашалады.

Арқалық қаласы.

Қауіп қайдан деменіз...

Жаңа жылу маусымы таяп келеді. Осыған орай, рудныйлық төтенше жағдайлар басқармасының мамандары жергілікті полиция қызметінің өкілдерімен бірге жеке тұрғын үй секторын аралап, ондағы пештердің құрылысын, орналасуын қадағалауға кірісті. Жалпықалалық рейд арқылы мамандар тұрғындарды өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырды.

– Жыл басынан бері тіркелген өрттердің көбі пештегі ақаудан өршіген. Құдықтардың бітеліп, түтіннің шығуына мән бермейтін тұрғындар, тіпті пешті кәсіби мамандардың кеңесіне жүгінбей, өз білгендерінше салады. Оның үстіне қызған пештің қасына тұтанғыш заттарды да жинап қоятындары бар. Рейд барысында тұрғындармен әңгімелесіп, оларға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірдік. Пештердің жағдайын өз көзімізбен көріп, кеңесімізді бердік. Себебі басты мақсат – айыппұл тағайындап, қорқыту емес. Келеңсіз оқиғаларды болдырмау, – дейді Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері Құсайын Айтұған.

Жергілікті полиция қызметінің өкілі Лаура Ибраеваның айтуынша, соңғы уақыттары жеке секторда өрт оқиғалары көбейіп кеткен.

– Соның салдарынан қала аумағында 4 адам қаза тапты. Олардың барлығы ішімдік ішіп, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағандар, – дейді ол.

Қыркүйектің 5-інде басталған рейд барысында басқарма мамандары 100-ге тарта тұрғын үйді аралап, пеш, электр және газ қондырғыларын пайдалану қауіпсіздігіне аса мән берді. Тұрғындарға «Тұрмыстық газ құралдарын қауіпсіз пайдалану» және «Күзгі-қысқы маусымдағы тұрғындардың өрт қауіпсіздігі шараларын сақтау» жадынамалары бар үгіт-насихат парақтарын таратты. Айлық 5-қазанда аяқталуы тиіс. Бірақ өрт сөндірушілер қаланың барлық шағын аудандарын аралап шықпайынша, рейд жалғасатындығына сендірді.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ.



● ФУТБОЛ

Кеншілерді ұтты

Қасқырбай КОЙШЫМАНОВ

Ел біріншілігінің 29 турында Қостанайдың «Тобыл» Қарағандыға қонаққа барып, 2:3 есебімен жеңіске жетті.

Омари Тетрадзе шығарған құрамнан көптен бері көзге ілінбей жүрген Альмир Мухутдиновқа орын табылыпты. Ал қалған футболшылар «Жетісумен» өткен ойында алаңға шыққан.

Алғашқы он минут қос ұжымның бір-бірін қадағалауымен өтті. Тобылдық Д.Савич Я.Багинскийдің қақпасына бірінші соққыны бағыттады. Бірінші таймның ортасында қостанайлықтар «Шахтер» қақпасының маңында бірнеше мүмкіндікке ие болды. Дегенмен, Ч.Дяктың соққысынан



қақпашы жылдамырақ болса, енді бірде қорғаушылар допка тосқауыл қойды. Ары қарай ойын бірсыдырғы жүрді.

Кездесудің екінші бөлігі қостанайлықтардың басымдығымен өтті. Қарсыластардың қақпасын торуылдап жүрген С.Хижниченко

«Тобылды» алға шығарды. 52 минутта Т.Шимкович орталық алаңнан суырылып шығып, сол қапталдан Д.Главинаны шабуылға қосты. Өз кезегінде соңғысы айып алаңына пас асырды. Допка биік секірген шабуылшы есеп ашты. Қостанай ойыншылары «Шахтер» қақпасына дамыл бермеді. Кезекті сәтте Т.Шимкович өзінің жеке шеберлігін көрсетті. ол 20 метрдей жерден жақын бұрышқа шірене тартты. 0:2! Румындық Ч.Дяк бүгін белсенді өнер көрсетті. Ол таблодағы көрсеткішті 0:3-ке жеткізді.

Алаң иелері Марко Симоновскийдің көмегімен есепті бір допка қысқартқан. «Тобыл» футболшылары сәл босансыды ма, «Шахтер» есепті 2:3 қылды. Бұл жолы да Марко Симоновский көзге түсті.

Осылайша, «Тобыл» екінші алтылықтағы кезекті жеңісіне қол жеткізді. Келесі турда «Ақжайық» қонаққа келеді.

Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44. Жауапты хатшы: 54-67-65. Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36. Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42. Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25. Жарнама бергіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88. Компьютер орталығы: 54-54-45. Корректур: 54-34-49.

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91. Рудныйда: 8-714-31-2-72-56. Аманкелдіде: 2-17-40. Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02. Сарыкөлде: 2-25-17.

Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10803. Тапсырыс 2040.

Немірдің кезекші редакторы Қ.ОСПАНОВА.